




Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады



№8 (545)
22 ақпан,
2024 жыл

ЦИФРЛЫҚ ТЕҢГЕ: ТӨЛЕМНІҢ ТЫҢ ТҮРІ



Қаржы нарығын қырағы қадағалап жүргендер біледі, 2021 жылы Ұлттық банк цифрлық теңгеге байланысты пилоттық жоба жүргізген болатын. Сол кезден бері цифрлық теңгені айналымға енгізу мәселесі пысықталып келеді. Әйткенмен әлі де жаңа төлем құралының қандай қызмет атқаратыны, артықшылығы мен өзгешелігі нендей екені, қашан толық қолданысқа енетіні туралы сауалдың есебі жоқ.

Сонымен, цифрлық валюта деген не? Ол қалай жұмыс істейді? Тімділігі қандай, кемшілігі бар ма? Цифрлық валюта енгізілсе, қағаз ақша айналымнан алына ма? Көкейде жүген көп сұраққа бүгін жауап іздеп көрдік...

Қазақстанда цифрлық теңгені енгізу 2025 жылдың соңына дейін үш кезеңде жүргізілетіні айтылды. Өткен жылы қарашада ұлттық валютаның жаңа нысаны бөлшек айналымға енгізіліп, цифрлық теңге платформасының бірінші кезеңі іске қосылған болатын.

2



АҚПАРАТТЫ

ҚАЙДАН АПАТЫНЫМ БӘРІНЕ ҚЫЗЫҚ

Үйтолған Жарекө – жиі мәселе көтеріп, оның шешім табуына атсалысатын тәуелсіз журналист. Аттанға бергісіз айқайға баспаса да аяғын тартып жүретіндер жоқ емес. Болмысы мен тілшілік тіршілігі жайында әр адам әрқилы ойда. Осы ретте көпшілікке жұмбақ әрі әр жазбасы жиі талқыланатын кейіпкермен әңгіме өрбітуді жөн санадық.

– Үйтолған десе үркіп қарайтындар бар. Бірақ желіде сөзіңіз өткір болғанымен, өмірде жаныңыз жұмсақ көрінеді. Айтыңызшы, сізді қоғам не үшін «қатқыл» образбен қабылдайды?

– Бетпе-бет келгенде біреудің үркіп, қашқанын кездестірген емеспін. Жаным да, жүрегім де жұмсақ. Барынша түсінуге және түсінікті болуға тырысамын. Ал, қатқыл образға келетін болсақ, иліге қоймайтын, алдауға көнбейтін кезім болады. Бір нәрсеге көзім жетіп, бұрыстығын білсем соны дәлелдегенше тынбайтыным бар. Жақыным ба, жатым ба қарамайтыным содан. Ал негізі жүріс-тұрысы дұрыс адам менен үркіпейді, қорықпайды да. Адами сыйластықта, сәлеміміз түзу араласамыз.

4-бетте

«ЕСКІРМЕЙТІН КӨЛІКТЕР»

Ер қанаты – ежелден ат болса, төрт түліктің төресі болған жануардың орнын бүгінде темір тұлпар алмастырды. Алтынсаринше айтқанда «Мың шақырым жерлерге күн жарымда барғызған аты жоқ арба» осы күндері таусылмайтын тақырып, маңызды мәселелердің біріне айналып отыр.

ЕСЕПТЕН ШЫҒА МА?

Ұлттық статистика бюросының 2023 жылдың желтоқсан айындағы мәліметіне сүйенсек, еліміздегі жалпы автокөлік саны 5,3 млн-нан асқан. Бұл дегеніміз 2022 жылға қарағанда көлік санының 19,5% артқанының дәлелі. Атап айтқанда, жеңіл көлік – 4,6 млн, жүк көлігі – 518,9 мың, автобус – 110,4 мыңға жеткен. Жалпы алғанда 5,3 млн көліктің 4,8 миллионы жеке тұлғалардың меншігінде болса, 482,6 мың заңды тұлғаларға тиесілі.

2



ОЙҒА ЖЕТЕЛЕГЕН «ОҢ ҚОЛ»

Нәзік АХМЕТ

– «Жастар» театры ресми түрде жұмысына кірісті. Оңталап Нұрмаханов жарғақ құлағы жастыққа тимей, кәсіби театр ретінде қалыптасуына, қаламызда тағы бір театрдың шаңырақ көтеруіне күш салды. Осы арқылы жастарға эстетикалық тәрбие беруде бүкіл ұжымды жұмылдырды. Соның нәтижесінде алғашқы премьерасын да қойды, құтты болсын! Қазір бұл театрға кәсіби түрде баға беруіміз керек деп ойлаймын. Трейлер бағытында қойылғаннан кейін автор, режиссер, көркемдік жетекші де шығарманың стиліне, жанрына байланысты шешім шығарған. Өрине бұл дұрыс. Алдағы уақытта да жақсы қойылым ұсынатынына сенім мол, – деді Қазақстан Республикасының Еңбегі сіңірген қайраткері Әмір-Темір Хұсейін.

Науқастардың қиыны тағдырына қапа болып, жан сырына селт етесің. Оң қолы өзіне бағынбайтын Алманың жан күйзелісі мен дәрігердің өз міндетіне адалдығы, соңында жынды болып кетуі шиелінесті шарықтау шегіне жеткізгендей болды. Бұдан бөлек Мұхтар мен Айшаның ішкі толқынысы мен дертке айналған күйігі қоғам шындығын көз алдына әкелді. Саулығында кінәрат, жүрегінде мұңы болмаса да болмашыны қайғы көретін кей адам тәубеге келетін секілді. Тордағы құстай құсаланған әр науқастың жай-күйін сезініп шүкіршілік ететіні шүбәсіз. Ал мұны қалың көрермен ой елегінен өткізіп, сезіне алса, «Жастар» театры ұжымының еңбегі ақталғаны деген сөз.

Қызылорда қалалық «Жастар» театры өз алдына шаңырақ көтергені көпке белгілі. Осы тұста театр ұжымы көрерменге алғашқы қойылымын ұсынды. Жазушы Төлен Әбдіктің «Оң қол» психологиялық драмасын таңдауы талғамның осал емесін байқатты. Шындыққа толы шым-шытырық оқиғадан пьеса жазған театрдың жас драматургі Нұрдаулет Баймахан. Ал қойылымның жоғары деңгейде өтуіне ықпал етіп, сахналаған жас режиссер Берік Ахмет. Психологиялық тұрғыда күрделі, санаға салмақ түсіретін әр образды шынайы сомдаған артистердің шеберлігі айқын көрінді. Басты рөлдегі Максат Серіков пен Тоғжан Дастанқызының қабілетіне көрермен куә.

Басы 1-бетте



ЦИФРЛЫҚ ТЕҢГЕ: Төлемнің тың түрі

Ақшаның үшінші формасы

Мамандардың айтуынша, цифрлық теңге қолма-қол ақшамен де, қолма-қол ақшасыз да ұлттық валютаның үшінші нысаны ретінде есептеледі. Бұл инновациялық әрі қаржылық қызметтерді жүргізу үшін блокчейн технологияларын пайдалана отырып, дәстүрлі қаржы және цифрлық активтер арасындағы айналымның бір түрі ретінде қолданысқа енебек.

Иә, Ұлттық банк цифрлық валютаны енгізу жөніндегі жұмыстарды 2021 жылдан бастап қолға алған. Қолмен ұсталынбайтын сиқырлы теңгені одан әрі дамытып, 2025 жылға дейін кезең-кезеңмен көшіру жұмыстары басталып кеткен. Былтыр нарық қатысушыларының жүйелері бойынша интеграцияны сынақтан өткізді.

Даму драйвері

Ғалам тәжірибесі елімізге кеш жеткенімен, қазақстандықтар тың жаңалықты тез үйреніп кетуге қалыптасып қалды. Жылдам ақпарат ағынына ілесіп келе жатқан жұрт үшін жаңа жобалар мен идеялар аса қорқынышты емес. Бірақ, сақтықты да қаперден шығармаған жөн. Мәселен, Бас банк CBDC жобасының аса маңызды драйвері, қаржы нарығының қатысушыларымен тиімді байланыс орнатуға қолайлы екенін айтады.

Әлемде бірнеше қанатқакты жобалар жүзеге асырылып жатыр, олардың арасында Қытай, Бразилия, Ресей Орталық банктері мен Еуропалық Орталық банктері бар. Келешекте бізде де бірнеше екінші деңгейлі банктердің қатысуымен цифрлық картаны іске қосу және қолданыстағы төлем механизмдерін (QR және POS терминалдары) ЦТ платформасымен біріктіру жоспарланып отыр. Өткен жылдың қараша айында ұлттық валютаның 30 жылдығына орай Mastercard платформасында Еуразиялық банк шығарған жаңа дебеттік картаның тұсауы кесілді. Цифрлық картаны пайдалану арқылы алғашқы сатып алуды Ұлттық төлем корпорациясының төрағасы Б.Жәленов жасаған еді.

Бір жақсы жері, цифрлық теңге шотындағы қаражатты әлемнің қай жерінде болсын картамен төлем жасауға қолжетімділік қарастырылған. Бүгіндері Еуразиялық банк өз сайтында CBDC картасы туралы жеткілікті түрде толық ақпаратпен қамтып отырған жалғыз қаржы институты деуге негіз бар.

Цифрлық эволюцияның қуаты қандай?

Басты назар аударатыны, цифрлық теңгенің банк картасынан артықшылығы, картаны тұтынушының смартфонда, сағатында немесе амиянында сақтауға, бизнес үшін жеңілдетілген инфрақұрылым жаңартуларын қажет

етпей-ақ қабылданған төлем әдістерін одан да кең таңдауды қамтиды. Және де карта ұстаушыларын алаяқтықтан қорғайтын әрі қауіпсіздікке кепілдік беретін озық технологиялар мен Mastercard ерекшеліктерімен негізделеді. Ал қаражат Ұлттық банктің цифрлық шотында сақталып, кепілдендірілген сомаға нормативтік шектеулер бар қарапайым карталардан, ағымдағы шоттар мен депозиттерден айырмашылығы мемлекет толық кепілдік береді.

Блокчейн технологиялары Қазақстанды жемқорлықтан барынша тазартып шыға алады. Цифрлық теңгенің ең мықты жері осы. Программаланған токен болғандықтан ақша кімнен кімнің қолына өтті, бақылап отыра аламыз. Мысалы, мемлекеттік тендерлердің барлығын цифрлық теңгеге ауыстырып, осы тендерлік цифрлық теңгені қолма-қол ақша ретінде шешіп алу мүмкін болмайтын-дай жасап қоюға болады. Сонда біз тендер жеңімпазының ақшаны қалай жұмсағанын, кімнен тауар алғанын, кімдерге қанша айлық төлегенін көріп, содан үлкен BIG Data базасын құраймыз. Дәл осы кезде, мемлекеттік ақшаға мүмкіндігінше қазақстандық тауар алынғандығын бақылап, мәжбүрлеп отыруға мүмкіндік бар.

Жемқорлықты атымен жойып, отандық бизнеске мықты қолдау көрсете алатын жол – осы. Қазір Ұлттық банк негізгі шаруаларын сәтті аяқтап, цифрлық теңгені жұмыс режиміне енгізді. Зейнетақы активтерін экономика мүдделері үшін тиімді пайдалану тапсырылды. Бұл өте жауапты жұмыс. Алғашқы транш, 173 миллиард теңгеге 13% кірістілікпен облигациялар орналастырылды. Одан халық та, экономика да ұтпақ. Халыққа зейнетақы жинағының жоғары табысы, ал экономикаға ұзақ мерзімді өтімділік келетін болады. Ұлттық банк Үкіметпен бірлесіп отырып, экономикалық эффектісі жоғары, болашақта жақсы пайда беретін жобаларды іріктейді. Егер көзделген 1,5 триллион теңгенің барлығына жақсы жобалар таба алсақ, ортақ кірістілігі жылдық 10 пайыздан асқан жағдайда, біз, болашақ зейнеткерлер, өте жақсы табыс алатын боламыз, – деп атап өтті экономист сарапшы Айбар Олжай.

Халықаралық институттардың болжамдары бойынша, 2030 жылға қарай айналымда 15 бөлшек және 9 көтерме CBDC болуы мүмкін. Бүгінгі таңда әлемдік IЖӨ-нің 98%-ын құрайтын 130 мемлекет қандай да бір жолмен CBDC құру мүмкіндігін зерттеп, қарастыруда. 64 ел біліктіліктің озық сатысында тұр. 4 юрисдикция өздерінің цифрлық валюталарын енгізген. Бұл жобалардың түгелге жуығы шешім қабылдау стратегиясындағы ұсынылған тәсілдерге әсер ететін бірқатар параметр бойынша ерекшеленген. Олардың ең маңызды айырмашылығы – Орталық банктердің өздеріне қойған мақсаттары мен міндеттеріне байланысты екенін ұмытпаған абзал.

Әлем әлеуеті қандай десек, Нигерияның цифрлық валютасы е-найра дамуы 2017 жылы басталып, 2021 жылы төлем құралы ретінде

ресми түрде іске қосылған. Швед электронды кронасын енгізу жөніндегі жұмыстар сол жылы қолға алынғанымен, 2020 жылы қанатқакты жоба аясында цифрлық валютаны енгізуді орнықтыру әлі жалғасып келеді.

Таяуда еліміздің бас банкі цифрлық валютаны енгізудің бірінші кезеңін қорытындылау туралы «Цифрлық теңге: бірінші кезеңін іске асыру нәтижелері» жөнінде баяндамасын жариялады. Жобаны 2024-2025 жылдары аралығында жүргізуді жоспарлап, оған Visa, Mastercard секілді халықаралық төлем жүйелері мен Халық банкі, Altyn Bank, Еуразиялық банк пен БанкЦентрКредит сияқты екінші деңгейлі 4 банк қатысқан. Қазіргі кезеңде жобаға қатысушы – банк клиенттеріне цифрлық шоттар арасында төлем жүргізу мен аударма жасауға болады. Эксперименттік контурдағы жұмыстар Digital Tenge Ideathon 2022 идеялар байқауында жеңіске жеткен нарық қатысушыларының ойларын сынақтан өткізуді, трансшекаралық төлемдерді, цифрлық теңгемен қамтамасыз етілген стейблкоиндер шығаруды және бағалы газдарды токенизациялауды тестілеу де қамтылған.

Қауіпсіздік қаперде

Теңге. Түсім. Табыс. Бұл сөздерді естігенде кез келген адамның әуелі сақтықты ойлайтыны анық. Пайда ойлағандардан айла артылмайтын хак. Бұл орайда, экономист Б.Ысқақов қауіпсіздікті қаперден шығармаған жөн дейді.

Елімізге цифрлық теңге ресми түрде енетін валюта түрі болмақ. Бүгінде қолданыста қолма-қол ақша бар, қолма-қол емес деген ақшаның түрі бар. Үшінші – цифрлық теңге болмақ. Оның кемшілігінен гөрі артықшылығы көп болады деп ойлаймын. Бұл, бірінші кезекте жалпы халықтың төлем құралдарын пайдалану мүмкіндігін кеңейтеді. Яғни, төлеген кезде ешқандай интернет желісіне тәуелді болмайсыз. Көп жағдайда, мысалы, ауыл-аймақтарда, интернет сапасы нашар немесе интернет желісі жоқ жерлерде QR-кодпен, тағы да басқа құралдар арқылы төлеу мүмкін емес, интернет болмай қалуы мүмкін. Яғни, ең басты артықшылығы – интернетке тәуелді болмауы.

Одан кейін әлемдік технологияның дамуына байланысты мемлекет те соған сай дамып отыру керек. Әсіресе, экономикалық жағынан. Бізде цифрлық валютаны енгізуге байланысты жұмыстар жүргізіліп жатыр. Қазір Қытайда, Ресейде де осы үрдіс байқалады, жалпы Қазақстан да сол үрдіспен сәйкес дамып келе жатыр деп айтуға болады. Болашақта әлеуметтік төлемдер, зейнетақы төлемдері, әлеуметтік басқа да төлемдер, одан кейін мемлекеттік сатып алулардың барлығы да осы цифрлық теңгемен жүзеге асырылатын болса, бұл өте теңдессіз бастама болмақ. Ал енді мемлекеттік сатып алу бойынша айтар болсақ, көп жағдайда аударылған ақшалар мен төлемдердің нәтижесін көре алмай жатамыз. Сондықтан әртүрлі бармақ басты, көз қыстығын да алдын алуға мүмкіндік беретін дүние болар деп ойлаймын. Сол үшін де цифрлық теңгенің артықшылығы көп.


Ал енді кері әсеріне келсек, әрине бұл енді цифрлық болғандықтан, Ұлттық банк тарапынан эмиссия шығарылатындықтан, сұранысқа сәйкес біз ақпараттық қауіпсіздік, технологиялық қауіпсіздік мәселелеріне баса назар аударуымыз керек. Басқа кері әсерін тігізетін факторлар болмайды деп есептеймін. Өйткені халық қолма-қол ақшасыз төлемге үйренген сияқты цифрлық төлемге де, цифрлық теңгеге де үйренеді, – дейді экономист.

Түйін. Ұққанымыз, цифрлық теңгемен қатар көдімгі ақша, онлайн төлеу, яғни қолма-қол емес ақша да қатар жүре береді. Цифрлық теңге аталған екі төлем түрінің негізгі сипаттарына ие, сонымен қатар өз артықшылығы бар. Бастысы – интернетсіз де төлем жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар цифрлық валюта ашықтыққа жол ашып, бармақ басты, көз қыстығын ауыздықтауға ықпал етеді деген де пікірлер бар, әйткенмен ол – алдағы уақыт еншісіндегі дүние.

Айдар САЙЛАУОВ

Zhastar news

Адыраспанды «аластады»



Ресейде құрамында есірткі заты бар тыйым салынған өсімдіктер қатарына адыраспан да енгізілетін болды. Өсімдіктің бұл тізімге енуіне құрамындағы психотропты алкалоид себеп болған. Енді оны өсіруге, үйде сақтауға болмайды.

Айта кетейік, адыраспанды қазақ киелі өсімдік деп санайды. Сондықтан халық арасында оны «бөле-жаладан сақтайды» деп үйдің ішіндегі көрнекілеу жерге, кереге басына іліп қояды. Ал жаңа үйге кірерде босағаға «жын-

шайтан мүлдем жоламасын деп» адыраспанмен аластаған. Сонымен қатар жын-шайтандардан тазарту үшін адыраспанның бір бұтағын отқа салып тұтатып, үйді тазартатын болған. Ал «құдайы көршіміз» киелі шөптің өзін «аластап» жатыр.

Кальянға тыйым салынуы мүмкін

Үкімет Мәжіліс депутаты Дәулет Тұрлыхановтың кальянды тұтынуға тыйым салу туралы сауалына жауап берді. Ол кальянның елге кіруіне, оның тұтыну заңдылығына тексеру жүргізу мәселесін көтерген болатын.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында темекі өнімдерінің, оның ішінде кальянға арналған темекі мен кальян қоспаларын сату мен тұтыну нормативтік база қалыптастырылды.

Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Кодексінде қоғамдық орындарда,

оның ішінде қоғамдық тамақтану пункттерінде темекі өнімдерін тұтынуға тыйым салу белгіленген. Ішкі істер министрлігі заңнамамен тыйым салу белгіленген орындарда, сондай-ақ автомобиль көлік құралында кәмелетке толмаған адамдар болған кезде оларда темекі өнімдерін тұтынуға тыйым салудың орындалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады, – дейді Премьер-министр.

2023 жылдың қорытындысы бойынша жоғарыда көрсетілген тыйымдарды орындамаумен байланысты 18 мыңнан астам құқық бұзушылық анықталып, шамамен 700 млн теңге сомасында айыппұл салынған.

Денсаулық сақтау министрлігі жүргізген зертханалық зерттеулер кальян сұйықты-

ғында өкпенің қабынуын тудыратын, сонымен қатар емделуі қиын аспергил грибогы, ашытқы, аса қауіпті бактериялардың (көгілдір таяқша, алтын түстес стафилококк) жиналатынын растайды.

Қауіпті микроорганизмдермен қатар уытты химиялық заттар да зиянды әсер етеді. Осылайша, кальянда бір толтырғанда орта есеппен 8,32 мг никотин болады (сигаретте – 1 мг-нан аз).

Бұл ретте Денсаулық сақтау министрлігі ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 82-бабының 1-тармағына сәйкес биыл реттеушілік әсерге талдау жүргізуді жоспарлап отыр.

Оның нәтижелері бойынша кальянның, кальянға арналған темекі мен кальян қоспаларының айналымына толық тыйым салуды заңнамалық енгізу мәселесі қаралады, – деп жауап берді Тамара Дүйсенова.

Aqmshhit-zhastary.kz

Басы 1-бетте



«Ескірмейтін көліктер» есептен шыға ма?

Еліміздегі автокөліктердің қолданысын отын түріне келетін болсақ, көліктердің басым бөлігі бензинмен жүретіні анықталды. Олардың жалпы саны 4,3 млн болса, 401,5 мың автокөлік аралас отынмен жүреді. Ал дизель отынның 374,5 мың көлік пайдаланса, электромобильдер саны 7,7 мыңға жеткен.

Ел аумағында жарамсыз көліктер әлі де қолданыста. Тозығы жеткен транспорт түрлері қалың жұрттың қалтасына тиімді болғанымен, олардың ауаға шығаратын зиянды қалдықтарының барын жоққа шығара алмаймыз. Елімізде 2015 жылдан бастап автокөлік құралдарын барынша жанарту мақсатында арнайы жеңілдетілген несие бағдарламалары қабылданды. Дегенмен жуырда ғана арнайы зерттеу жүргізген Ұлттық банк бұл бағдарламалар отандық автокөлік нарығына айтарлықтай өзгеріс алып келмегенін мәлімдеді. Себебі елімізде жаңа көліктердің үлесі небәрі 6%-ды құраған. Темір тұлпар үшін несібесін несиеге төлеп отырғандар саны артып жатқанымен, жылы жаңа автокөліктер жалпыға бірдей қолжетімді емес. Статистика бойынша елімізде қолданыста жүргеніне 20 жылдан асқан автокөлік саны – 2,4 млн, бұл ҚР көлік паркінің 46,5% құрайды. 10 жылдан 20 жылға дейінгі – 1,2 млн, 7 жылдан 10 жылға дейінгі – 683,2 мың, 3 жылдан 7 жылға дейінгі – 561,8 мың автокөлік тіркелген. Ал, зауыттан шыққанына 3 жыл толмаған су жаңа автокөліктер саны – небәрі 313,4 мыңды құраған. Бұл жоғарыда атап өткеніміздей еліміздегі барлық автокөліктердің 6%-ы ғана. Айта кететіні, Қазақстанда ең жаңа көліктердің көбі Астана қаласы мен Атырау облысының автопарктерінде тіркелген.

Мәселен, көрші Өзбекстан мемлекетінде министрлік тарапынан 2010 жылға дейін шығарылған барлық көліктердің жүрініне тыйым салу жайлы заң ұсынылды. Аталмыш ұсыныстың себебі экологиялық ахуалдың күрт нашарлауы. Олар ең әуелі АИ-80 маркалы жанармайды қолданыстан алып тастауға, кейін кезең-кезеңімен көлік құралдарын жанартауға шешім қабылдаған. Жауапты мамандардың айтуынша, электромобильге көшкен азаматтарға түрлі жеңілдіктер қаралып, тіпті субсидия берілуі де мүмкін. Автоэксперт Сергей Зорин ерте ме, кеш пе, Үкімет мұндай шараларды қолға алатынын айтады.

Бұл әлемдік тенденция. Ескі көлікті пайдалану тиімсіз бола береді. Мысалы, болашақта көлік салығын машинаның қозғалтқышының қуатына қарай емес, оның экологиялық классына, яғни қоршаған ортаны ластауына қарай есептеу туралы ұсыныстар айтылып жүр. Тиісінше, көлік неғұрлым жаңа, экологиялық таза болса, салығы да аз болар еді. Сонда жұрт та жаңасына ұмтылады. Бүгінде Еуропада парник газдарына да салық енгізілген. Бұл адамдарды барынша үнемді, шағын, экологиялық «темір тұлпарды» мінуге ынталандырады. Естүімше, Үкімет шығарынды газдарында ластаушы заттары нормативтен асатын көліктерді пайдалану үшін айыппұл көлемін еселеп арттырғалы жатыр, – дейді С.Зорин.

Тақырыбымызға арқау болып отырған бұл мәселе Қазақстанда қолға алына бастады. Алматыда экологияны ластап жүрген көліктер жаппай тексерілуде. Биылдан бастап «экобезгек» жүйесі іске қосылды. Ол зиянды қалдықтарды белгіленген межелден артық бөлген автокөліктерді тіркеп, заң өкілдеріне ақпарат беріп отырады. Осыған дейін сергек камерасын жасап шығарған Sergek Technologies компаниясының кезекті өнімі Алматыда әзірге 29 жерге орнатылған. Авторлардың айтуынша, «экобезгек» лас көліктерді бірден анықтай алмайды. Деректерді талдап, нақты ақпарат шығару үшін құрылғыға кемінде бір апта уақыт керек. Қазіргі таңда тексерістен өтіп жатқан жаңа жоба тиімді болса еліміздің басқа өңірлеріне де орнатылады деген болжам бар.

Ірі мегаполистерде адамдардың көп шоғырлануы салдарынан көлік құралдарына қойылатын талаптар көбеймесе, азаймасы анық. Бұл халықтың денсаулығы мен табиғат анық тазалығы үшін қабылданып жатқан шаралар екенін ескергеніміз абзал. Жаңа көлікті жаңы қаласа да ескі көлікті еш амалсыз мініп жүрген ел үшін «арбаны да сындырмай, өгізді де өлтірмей», дұрыс шешім қабылданады деп сенейік.

Аружан ОРЛАБАЙ

ҚАЗАҚСТАН GOVTECH PRIZE 2024 ЖЕҢІМПАЗЫ АТАНДЫ



GovTech Prize – өзекті мәселелерді шешетін және халықтың өмір сүру сапасын арттыру мақсатында үкіметтік тәжірибені кеңейтетін инновациялық және шығармашылық жетістіктері үшін әлем елдерінің мемлекеттік мекемелерін тану мақсатында 2014 жылы құрылған бағдарлама. Бұл тәжірибе алмасуға және бүкіл әлемдегі мемлекеттік органдар арасында озық тәжірибелерді таратуға ықпал етеді.

Қазақстан ұсынған «Отбасының цифрлық картасы» жобасы Дубайдағы Дүниежүзілік үкімет саммитінің әлемдік аренасында «Инклюзивті цифрлық трансформация» санатында жоғары бағаланды. Отбасының цифрлық картасы – 40-тан астам мемлекеттік дерекқордан азаматтар туралы ақпаратты ескеретін бірегей скорингтік модель. 100-ден астам критерийге сүйене отырып, модель отбасылардың әл-ауқатының санатын анықтауға және мұқтаж адамдарға көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

DIGITAL ALMATY 2024: ЦИФРЛЫҚ ФОРУМҒА 30 МЫҢНАН АСА АДАМ ҚАТЫСТЫ



«Х индустриясы: Болашақтың цифрлық эволюциясы» тақырыбында өткен үш күндік халықаралық цифрлық форумға 30 мыңнан аса адам қатысты. Форум аясында Қазақстан, Беларусь, Ресей және Өзбекстан Үкімет басшыларының қатысуымен ЕАЭО пленарлық отырысы ұйымдастырылды. Іс-шара қонақтарына арналған пікірталас алаңдарымен қатар 230-ға жуық отандық және халықаралық IT компаниялардың, сондай-ақ цифрландыру бойынша жетекші халықаралық сарапшылардың цифрлық жобалары көрмеде таныстырылды. «Digital Almaty 2024» алаңы серіктестікті алға қою және цифрландыру саласында тәжірибе алмасу үшін зор мүмкіндік. Форум барысында B2B форматында 60-қа жуық кездесу және стартаптар арасында 50-ден астам питчинг өтті. Форумның үш күнінде 30-ға жуық меморандумға қол қойылды. Форумның соңғы күні жалпы жүлде қоры \$180 000 болатын ең ауқымды Industry 4.0 Startup Battle өз мәресіне жетті.

WORLD ROBOTICS DAY

7 ақпан – Дүниежүзілік робототехника күні. Роботтардың құрылысы, жұмысы және қолдануымен айналысатын, сонымен қатар роботтардан басқа автоматтандырылған техникалық жүйелер мен өндірістік үдерістердің жаңа техникалық жиынтықталуын әзірлеу мен қолдану жолдарын зерттейтін ғылым робототехника деп аталады. Бұл атаулы күн осы салаға кездейсоқ берілген жоқ. «Робот» сөзі алғаш рет чех авторы Карел Чепаканың пьесасында кездескен. Пьесада фабрика жұмысының ешқандай адамның қатысуынсыз өздігінен жұмыс істейтіні туралы айтылған. Бұл қойылым 1920 жылы жарық көрді. Тарихқа үнілсек, 1958 жылы АҚШ-та тіркелген алғашқы «Unimate» өнеркәсіптік робот патентінің арқасында 7 ақпан Робототехника күні деп белгіленген. Джордж Девог мен Джозеф Энгельбергер әзірлеген Unimate – өндіріске сәтті енгізілген алғашқы өнеркәсіптік робот. Ол робототехника тарихындағы басты оқиға болып саналады.

КОМПЬЮТЕРШІЛЕР КҮНІ



Бүгінде түрлі функцияны орындайтын әрі кішкене сөмкеге жайғасатын ноутбук секілді техникалар кезінде бір бөлменің көлемінде болғанын білесіз бе?

14 ақпан – компьютершілер күні. Бұл ресми мереке болмаса да адамзат тарихындағы инновациялық тіпті революциялық жаңалыққа айналған күн. Себебі 1946 жылдың 14 ақпан күні ғылыми қоғамдастыққа және мүдделі тұлғаларға Electrical Numerical Integrator And Calculator атауымен алғашқы электронды компьютер ұсынылды.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

Жүйеге енгізілген ақпаратқа сүйеніп, тапсырманы жылдам әрі оңай орындайтын жасанды интеллекттің зияны туралы айтпаған, жазбаған адам жоқ. Кері есерімен қатар пайдасын көріп жатқанымызды негізге алсақ, айтарымыз көп. Мәселен, 16 жастағы жас өнертапқыш QazaqGPT жобасы арқылы жасанды интеллектті қазақша сөйлетті. Бұйрық берсең, сурет салады, дыбыстама жасайды. Бағдарламаға 300 мыңнан астам сөз бен 220 миллиардқа жуық ақпарат енгізілген. Бүгінде қолданушылар саны артауда. Бұл да бір белес. Алайда Асылжан Абдуллаев бұнымен тоқтамады. Ол «KazHydro-Tech» жобасын қолға алуда. Бұл жоба аймақтағы су ресурстарын басқару мен ауыл шаруашылығының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

– Жыл сайын су жетіспеушілігі Орта Азияда геосаяси және геозкологиялық мәселелерді туындатады. Барлығы судың тапшылығына әкелетін үлкен нонсенс. Проблеманы шешу мақсатында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің базасында жаңа AI жасауға кірістік. Жиі орнатылған датчиктер судың мөлшері мен құрамына қарай мониторинг жүргізу арқылы 92% суды үнемдейді, – деді Асылжан Абдуллаев.

Жобада Израиль тәжірибесінен алынған тамшылатып суару әдісі қолданылады. Бұл тәсіл өсімдіктерді қажетті ылғалмен қамтамасыз ету арқылы суды пайдалануды оңтайландырады. Жасанды интеллект қосылған

сенсорлар топырақ пен атмосфера жағдайын бақылайды, арнайы орнатылған параметрлерге сүйеніп жиналған деректер арқылы тиімді суару уақыты мен көлемі туралы шешім қабылдайды.

Сонымен қатар технология тұрғысынан «KazHydroTech» жобасы ауыл шаруашылығының тұрақты дамуы мен қоршаған ортаны қорғауда маңызды қадам.

CEO ENACTUS KAZAKHSTAN: WORLD CUP – 2024 АСТАНАДА ӨТЕДІ

Кәсіп, бизнес яки кәсіпкер сөзін естігенде көз алдымызға аға буынның елестейтіні рас. Біздегі қағида да – бұл салада жастарға орын жоқ секілді. Алайда мықтылармен бір алаңға түседен қорықпайтын, жанашылдық пен дамуды қолдайтын жастар аз емес. Әлемнің 33 мемлекетінде, жоғары білім ордаларының 1800 бағдарламасы аясында бизнес көшбасшылардың жаңа буынның қалыптастыруға бағытталған ең ірі білім беру алаңы бар. Ол – халықаралық Enactus ұйымы. Студенттер мен жастар арасында көшбасшылық пен кәсіпкерлікті дамыту мақсатын қолға алған ұйым Қазақстанда және еліміздің әр оқу орнында жұмыс істейді. Жас кәсіпкерлер алаңын қалыптастыруда өзіндік орны бар Қазақстандағы Enactus ұйымының президенті Альбина Мейірбекқызымен сұхбаттасудың сәті түсті.



– Қатысушыларды қолдау және дамыту мақсатында қандай іс-шаралар ұйымдастырылады?

– Enactus – Қазақстандағы студенттер мен оқушылардың әлеуметтік кәсіпкерлік бағытында белсенді білім алуына мүмкіндік беретін ауқымды бағдарлама. Бұл жай ғана практикалық алаң емес, нағыз майталмандардың мекені. Студенттер мен мектеп қатысушыларының арасындағы бәсеке-келестік ауқымды нәтиже алып келеді. Жыл сайын белсенді түрде Enactus Kazakhstan штаб-пәтері 10-нан аса ауқымды іс-шара ұйымдастырады. Оларға тоқтала кетсек, бизнес командалардың академиялық мерзім арасында көрсеткен нәтижелерін қорытындылау үшін Ұлттық студенттер мен мектеп оқушыларының кәсіпкерлік чемпионаты өтеді. Республикалық деңгейдегі іс-шара еліміздің төрінде, Астана қаласында ұйымдастырылады. Қазақстан бойынша 2000-нан астам қатысушының жыл бойы жасаған жобалары таразыға салынып, еліміздің чемпионы анықталып, Enactus әлемдік кубогында Қазақстан Республикасын таныстыру құрметіне ие болады. Келесі маңызды іс-шаралардың бірі – күзгі бизнес-форум. Бұл бизнес-форумда қарапайым студенттер еліміздің бетке ұстар көшбасшыларымен, бизнесмендерімен бір алаңға жиналады. Форум – жана идеялар, жобалар, таныстықтар ғана емес, бұл іс-шара студенттерге, жаңа командаларға, олардың бизнес жобаларын одан әрі дамытуға серпін береді. Қыс пен жаз айларында бизнес-лагерь ұйымдастырылады. Онда студенттер үшін оқу бағдарламасы жасалып, кезекті Ұлттық чемпионатқа дайындық жүргізіледі. Сондай-ақ Enactus Kazakhstan директорлар кеңесі, академиялық кеңесі, түлектер қауымдастығының мүшелері келіп, студенттердің жобаларын тыңдап, өз ойларымен бөліседі. Enactus Kazakhstan штаб пәтері жыл сайын өңірлер бойынша тренингтер, яғни Road Show өткізеді. 2023 жылы 5 қалада Road Show өтті, онда 12 облыстан 52 оқу орны қатысты. Осы жылдың алғашқы шарасы – Winter camp 2024. Мұнда тек Қазақстан студенттері мен мектеп оқушылары ғана емес, шет елдің азаматтары да қатысты. Оның ішінде еліміздің 25 аймағы мен 3 мемлекет – Америка Құрама Штаттары, Тәжікстан мен Өзбекстан бар.

– Бағдарлама аясында жүзеге асқан жобаларға тоқталсаңыз...

– 2021 жылы Астана қаласында өткен Ұлттық чемпионаттың жеңімпазы атанған Астана Медицина университетінің жобалары әлі күнге дейін жұмыс істейді. Астана медицина университеті ENACTUS командасының жобаларының бірі – «Onip». Жоба аясында жент батончиктері дайындалады. Әлем бойынша өт аурулары, семіздік, бауыр, тері аурулары, қант диабеті, жалпы алғанда асқазан-ішек аурулары бар адамдар саны күн сайын артып келеді, олардың көпшілігі дұрыс емес және теңгерімсіз тамақтанудың салдарынан. Әлеуметтік осал адамдарды оқытып, сондай-ақ оларды жұмыспен қамтамасыз ету арқылы, халықтың осал топтарын жұмысқа орналастыру мәселесін қосымша шешкен болатын. «Auxmed» – ата-аналарға бала күтімі және әртүрлі аурулардың алдын алу бойынша курстар түрінде клиникалық және практикалық ұсыныстар беруге арналған онлайн платформа.

– Өткен жылғы чемпионат Утрехт қаласында өтті. Бұл іс-шаралар ұлттық чемпион Enactus Buketov командасына қандай тәжірибе берді деп ойлайсыз?

– Қазақстанда жастар бизнесін дамытуға жаңа қадам – Enactus World Cup. Бұл әлеуметтік және экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған бизнес-жобалар байқауы. Мәселенің креативті шешімі жұмыс орындарын құратын студенттердің бизнесіне айналады. Өздеріңіз білетіндей, бағдарламаға қатысушылардың 97%-ы Enactus жобалық кызметінде алған дағдыларын пайдалана отырып, өз бизнестерін ашады. Әлемдік аренада ел намысын қорғау мүмкіндігі – Enactus Buketov командасына бұйырды. Өткен жылдың қазан айында Enactus штаб-пәтері мен Buketov командасы Нидерландыға барды. Команда үшін бұл орасан зор тәжірибе болғаны анық. 33 мемлекеттің өкілдерімен теңдей бір сахнада тұрып, адамның өмір сүру деңгейін көтеретін, экологиялық, бизнес, әлеуметтік жобаларды қорғау – үлкен құрмет. Студенттердің көзжиегі кеңейіп, қоршаған ортаға деген көзқарасы өзгерді.

– Естуімізше, Enactus World Cup 2024 Қазақстанда өтеді...

– Бұл жаңалық барлық жас кәсіпкерлер, студенттер және біз үшін керемет оқиға болды. Алғаш рет Қазақстанда әлемдік чемпионат өтеді. Бұл дегеніміз әлемдік деңгейдегі кәсіпкерлер, академиялық және бизнес көшбасшылар Астана қаласында бір алаңға тоғысады. Enactus World Cup 2024-ке дайындық жұмыстары басталып кетті. Әлемдік чемпионат Астана қаласында 2-4 қазан аралығында 33 мемлекет өкілдері және 3000-нан астам студенттердің қатысуымен өткізілімек. Қазақстан студенттері үшін Enactus World Cup ауқымды жобаларды қамтуға, жана идеяларды ойластыруға, әлемді жақсартуға үлкен талпыныс беретініне сенімдімін.

– Ұйым аясында әрбір жоғары оқу орнында жұмыс істейтін командалар бар. Сырбойлық Enactus Korkyt ата командасы туралы айтсаңыз.

– Enactus Kazakhstan командалары әр өңірдегі жоғары оқу орындарында және мектептерде бар. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Enactus Korkyt ата командасы 2017 жылдан бастап жұмыс істейді. Әр кезеңде жаңа құраммен жаңа жобаларды жүзеге асыратын сырбойлық команданың белсенділігі артауда. Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін Enactus Kazakhstan National Expo ұлттық кубогына және арнайы байқауларға қатысады. Өткен жылы Астана қаласында өткен ұлттық чемпионат барысында Korkyt ата командасы чемпион болмағанымен, бұл команданың қажырлы еңбегін көрдім. Сонымен қатар Enactus Korkyt Ата командасы Enactus Kazakhstan National Expo 2022 Chevron компаниясының Kazakhstan Water Race арнайы конкурсының қаржылай грант жеңімпаздары. Enactus Kazakhstan Business Collaboration Forum 2022 BeeLine компаниясының грант иегерлері. Биылғы байқауларда креативті, жанашыл жобаларымен жеңістің биігін бағындырады деген ойдамын. Жас кәсіпкерлер алаңында өзіндік орны бар командаға сәттілік тілеймін!

– Алдағы жоспар қандай?

– Біздің басты мақсатымыз – Қазақстанның ең үздік бизнес көшбасшыларын жинап, оларды ENACTUS менторлық бағдарламасына қосып, демеушілік жасауына көмектесу. Екіншіден, Әлем кубогы ENACTUS WORLD CUP 2024 Қазақстандағы жастар кәсіпкерлігінің каталогтары болатынына сенімдіміз және Қазақстандағы студенттік кәсіпкерлік кубогы жобасының деңгейін арттыруды жоспарлап отырмыз. Үшіншіден, түлектер қауымдастығын одан әрі дамытуды қолға алмақпыз. Өйткені Enactus қатысушыларының көбісі кәсіпкерлік жолын таңдап, өз бизнестерін ашады.

Сондай-ақ Enactus моделін оқу орындардың бағдарламасына одан әрі дамыту жоспарлануда. Соңғы 15 жылда Enactus бағдарламасына қолдау көрсеткен барлық бизнес және академиялық серіктестерімізге алғыс айтамыз! Enactus бағдарламасының мүшесі болу – еліміз үшін, бастысы, жастардың өзіндік дамуы үшін жасалған қадамның бірі болмақ. Enactus бағдарламасына қосылған әрбір студент жеңімпаз, себебі әрқайсысы өзіндік жарқын болашағына бір қадам алға басты. Кәсіпкерлік қоғамдастыққа үлес қосқысы келетін студенттерге қиындықтарға қарамастан тек алға жылжуға кеңес беремін.

АҚПАРАТТЫ

Қайдан алатыным бәріне қызық

Басы 1-бетте

– Қазір кейбір проблема фейсбук арқылы шешімін табатынын рас. Сізге де мұның шағын, арыз-шағым айтатындар аз емес. Жалпы ақиқат пен жалғанға қалай көз жеткізесіз? Ал айтуға болатынның ақиқаты мен үндемеудің ақиқатын қаншалықты саралайсыз?

– Қаласақ та, қаламасақ та көп мәселе әлеуметтік желі, оның ішінде фейсбук арқылы шешімін табады. Билік пен бұқара арасындағы ең жедел байланыс осы платформада орнайды. Оның кері байланысы да желіде жедел. Сосын бәрінде парақша болса да, көбіне адамдар арыз-шағымды маған жазды. Біріншіден, оқырманым көп, 20 мыңнан асады. Екіншіден, көбі ойын ашып жеткізе алмағандықтан, аудио арқылы баяндап береді. Ал оны билікке және оқырманға өтімді етіп жазу керек. Тіпті кейбірі арыз-шағымды өз атынан жарияласа, қызметтен қысым көрмей деп қорқады. Сол себепті маған хабарласады. Айтуға болатынның бәрін бұкпеуге тырысамын.

– Расымен ақпаратты сіздің парақшадан бірінші болып біледі. Дегенмен өзіңіз қандай дереккөзге сүйенесіз? Ақпаратты қайдан аласыз... Кейде жариялаған постты өшіруге нендей жағдайлар түрткі болады?

– Ақпаратты бірінші болып жеткізу – ұстанымым. Фишам десе де болады. Ақпаратты қайдан алатыным бәріне қызық. Содан болар желіде де бұл жайында сұрайтандар бар. Үйтолғанның инсайдері «анау шығар, мынау шығар» деп сыйлас адамдарды топшылайды. Ал инсайдермен еш жерде жария кездеспейсің, онымен байланысатыныңды ең, ең жақын деген досың да білмейді. Бірақ ақпаратты аламын. Ақпаратты табу, ала білу шеберлігім 10 жыл қызмет атқарған «Қоғам ТВ» телеарнасынан басталған. Сол кезде де тақырыптық сюжет, төтенше оқиға болсын бірінші біліп, жариялауға қалыптастым. Шыны керек, менімен сөйлескен кез келген адам бірнеше ақпарат бергенін өзі де білмей қалады. Сөздің арасынан, тіпті әріптерден білім келген жайтты суырып аламын.

Жариялаған кей постты еркімнен тыс өшірті. Арыз-шағымды айтқан адам алып тастаңызшы деп мәмілеге келеді. Жан-жағымдағы ағайын-досым, сыйластарым шулаптай-ақ қойыпқышы, алып тасташы деп өтініш білдіреді. Бірақ бұл алып тастағаныммен мәселеден сырт қаламын деген сөз емес. Қаншалықты, қай деңгейде шешім тапқанын қадағалап, біліп отырамын. Оның үстіне парақшам көптеген сайтқа шикізат көзі. Фейс-

букке жарияланған жаңалықты алып, әр сайт өз деңгейінде түрлендіреді. Егер ол ақпаратты жазбаса, олар бейхабар болатын еді. Осыған қынжыламын. Негативті жаңалық шыққан соң, мен арқылы аймақтың кейбір репутациясына нұқсан келеді. Сосын жас баспасөз хатшылар «апай, қазір сіздің парақшадан алады ғой, бәрі шулап кетеді» дегендіктен, сөзге тоқтап, өшіремін.

– Шындықты жазу үшін таныс-тамырдан қол үзуге тура келетінін тілге тиек еттіңіз. Бұл мамандыққа адалдық па? Әлде...

– Принципім бойынша саяқ жүретінмін. Көп ортаға бармай, мүдделі қақтығысқа түсіп қалудан қашқактаймын. Өйткені ортаға барғаннан кейін, оның да ықпалы болары белгілі. Шыны керек, ықпалдан да алшақ жүремін. Мұны мамандыққа адалдық десеніз де болады. Біріншіден, репутациямды ойлау мен қорғағандығым. Сол үшін көп адаммен шай ішеуге тырысамын. Талай ішкен шайым басыма таяқ болып тиген. Сондықтан

Сіздіңше, журналист құқығы қалай қорғалып жүр?

– Мұндай қауіптен бетпе-бет келмедім. Себебі оппозиционер, белгілі бір саяси топ немесе ұйым мүшесі емеспін. Хал-қадірімше әділетін, тұрасын айтуға тырысып жүрмін. Менікі ақпарат беру деңгейінде ғана, жеке мүдденің сойылын соқпаймын. Кейбір жағдайда бүгіп те, бұғып та қалатын кез болады. Өйткені әйелмін, анамың, отбасым бар. Сондықтан ақкөзденіп ұмтыла беруге болмайды деп есептеймін. Өзімді тоқтатамын, ұстайтын тұстар жоқ емес. Неше түрлі адам бар. Есігінді қағып тұрып алады. Сондықтан ең үлкен жеңіс – үндемей өту деген ұстанымдымын. Осыдан үш жыл бұрын отбасыма әсер еткісі келіп, көлікпен андып, үй жағмаға дейін келген оқиғаны бастан өткердім.

– Өшпенділік пен гадауат тілі ақпараттық соғысты өршітетінін білеміз. Қоғамды манипуляциялау арқылы қырғы-қабақ етіп, дезинформациямен дүрліктіреді. Сіз де зорлық-зомбылықты жиі жазасыз...



қоғамда танымалдылығым ұлғайған сайын әр қадамымды аңдап басамын.

– Қаламақыңыз қанша?

– Көбі қаламақымыз тым жоғары деп ойлайды. Бірақ қаламақы көлемі мынадай деп нақты қойған емеспін. Кім мені қалай бағалайды, соның деңгейінде ғана аламын. Халықтан келген арыз-шағым үшін қаламақы алған емеспін, тегін. Ал мекеме мен кәсіпкерлік нысандар жұмысын парақша жариялағысы келеді, шығарып беремін. Сосын өздерінің бергенін аламын. Қаламақым мынадай қаржы деп кесіп айтпаймын.

– Тәуелсіз журналистке қауіп төнетіні аян. Мұндай жайтпен бетпе-бет келіп, бүгін қалмасаныз да бұғып қалған сәт болды ма?

Ашық сыйнасыз. Бұл сіздің стиліңіз бе? Жалпы, ақпарат беру тәсіліңізді қандай жанрға жатқызуға болады?

– Кез келген ақпаратты қарапайым, жатық тілмен жеткізуге тырысамын. Журналист сөзді ойната да білу керек. Оқырманның миына салмақ түсірмес үшін шұбарлаңқы мәтін жазбаймын. Содан болар постымның өтетіні.

Иә, зорлық-зомбылықты, қоғамдағы арыздықты ашық сыйнаймын. Мұны стилім деп те айтуға болмайды. Өркімнің өмір сүруде принципі бар, соған қайшы келген дүниені айтып-жазудан қашпаймын. Бұл тек жеке басыма қатысты емес қой. Ұлтқа зиян деген нәрсені ашық айтатын. Өркім қолынан келгенін жасайды. Жазуға бейім болған соң,

қоғамдық пікір туғызып, жазу арқылы қоғамдағы кемшіліктің анықталуына, халықтың санасына өзгеріс енгізуге мұрындық болсам деймін. Бұл әрбір журналистің арман-мақсаты деп есептеймін.

– Кибер шабуылға қарсы тұрар қауқарымыз бар ма? Ал халықтың сауат деңгейі қандай?

– Қазір халықты кибер сауатты деп айта алмаймыз. Барлық ақпаратты талдамай жұтып жатыр. Фейк не әлде бот па оған мән бермейді де. Кибер шабуылға қарсы тұрар қауқарымыз да пәлендей деп баға бере алмаймын. Халықтың сауаты ол деңгейге жете қойған жоқ. Менен гөрі бұл сұрақты айтысшылар жақсы біледі ғой. Бірақ қоғамдағы мүдделер қақтығысы, кәсіпкерлік саласындағы бақталастық кибер шабуылдың айналасында жүзеге асып отыр. Оны көріп те жүрміз.

– «Dedgar-news.kz» ақпараттық сайтында редакторсыз. Қателеспесем, бұл сөз текті және асыл деген мағынаны білдіреді. Сайтыңызда негативті жаңалықты жиі салмайтыныңыздың себебі осы ма?

– Иә, дедгар сөзі бекзат мағынасымен қабаттас. Сайтты ашқаным 3 жыл болды. Өзім айналысып отырмын, ресурсым толық емес. Мақсатым руханият, әдебиет пен мәдениеттегі, ұлттық идеологиядағы тұщымды ойларды жариялап, авторлармен жұмыс істеу болған. Бірақ бәрі қаржыға тіреледі. Қазір мемлекеттік ақпараттық саясатты сайтым арқылы жүргізіп отырмын. Кейбір сайттар атып кетті, шауып кетті деп қанша күйеуге тигені жайында ақпарат жариялайды. Мұндай дүниеге қарсымын, сайтты жарияламайтыным да содан. Десе де сайт жұмысын солай өрбіткен әріптестерді кінәлауға болмайды. Өйткені қоғам сондай ақпаратты іздеп оқиды. Рухани материал мен әншінің гардеробындағы жаңалықты қатар қойса, көбі әнші туралы сілтемені ашатыны анық. Қоңілім қаламаған соң мұндай жаңалықты емес, аймақтағы жаңалықты қалт жібермей жариялаймын.

– Билік өкілдері атаулы күндерде сізді марапат пен сыйлықтан құр қалдырмайды. Мұның сыры неде?

– Ешқандай сыры да, жыры да жоқ. Журналистика саласында жүргеніме 20 жыл. Осы уақыт аралығында екі ғана мемлекеттік марапат алдым. Пандемия кезінде еріктілік қызметім үшін берілген Халық алғысы медалі мен

өткен жылғы журналистер күнінде алған Ақпарат саласының үздігі тес белгісі. 40 жасқа келген адам үшін бұл көп емес деп ойлаймын. Бірақ «40 жасына осы марапат болады, ұсынғандардан бас тарт» деп өзіме тоқтау қойғанмын. Биліктің есігін жағалап, марапат сұраған емеспін. Қолында билігі бар, ұжым басқарып жүрген адамдармен сыйласқанның өзінде «біреуді жұмысқа ал, не болмаса кадрлық мәселені былай жасайық» деп араласып, күнімді салған емеспін. Жағдай айтқым келмейді, өйткені кіріптар, қарыздар боласың. Одан да тіке қарап, әңгіме айта алатындай болғым келеді.

– Фариза ақын кісі танымалдылығына өкінген екен. «Жаным қаламай көмектескен адамдарым кейіннен өзіме жау болып шығады» дейді. Мұндай өкінішіңіз бар ма? Сізге қандай адамдар ұнайды?

– Пәлендей өкінішім жоқ. Өмірде бәрі тактайдай тегіс, оқтаудай түзу болмайды. Құлап та көрдім, денсаулығыммен де сыналдым. Сондай сәтте менен жалт бұрылып кеткендер болды. Ал нық тұрып, ел алдына шыға бастағанда өздері оралды. Құдай мені жақсы көреді деп жиі жазамын. Құлатқан да, қайта тұрғызған да өзі.

Адам танымалым деп айта алмаймын. Түйсігім алдамайды. Біреулер туралы күмәнданам да араласып жүремін. Кейін сол күмән шындыққа айналады. Талай адамға бірнеше мәрте көмек беріп, кейін өтінішінен бас тартқанда жаман атандым. Айналада өтірік айтып, көлгірсітін адамдар болды. Жалпы адамды бар болмысымен қабылдауға тырысамын. Бірақ қабылдай алмайтын да мінез бар. Ол аярық, арыздық, бетіне күліп қарап, сыртынан басқаша әрекет жасау. Сосын ойнататын адамдарды жаным жуытпаймын, тіпті жалғыз қалуға бармын.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен
Замира ҚОҢЫСЖАН

СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН ДОРАМАЛАР



Аяһнида

Қазіргі буын өкілдеріне «Қандай кітап оқудасың?» дегенге қарағанда «Қандай драма көріп жүрсің?» деп сөзге тарту, ортақ тақырыпта әңгімелесу оңайырақ. Корея драмаларының аз уақытта сан жанарды жаулап алғаны рас. Бұл сөз қайдан шықты, неліктен жастар арасында танымал?

Драма корей мәдениетімен тығыз байланысты. Қазіргі кезде драмалар мәдени саланың дамуымен қатар ел экономикасы, яғни экспорттың қозғаушы күшіне айналды. Мұндай фильмдер жапон комиксі манганың экранизациясы ретінде ең әуелі Жапонияда жарыққа шықты. Жалпы Азия телесериалдарының ортақ атауына айналған «драма» сөзі ағылшынның «драма» сөзінен пайда болған.

Сериясының аз болуы, режиссерлердің 16 немесе 24 серияда айтар ойды толық жеткізуі, кіркішсіз махаббат пен әдемі актерлар, арнайы музыканың жазылуы – туындының сапасын, танымалдығын арттыра түсті. «Сеулдің артық көшелері» деп аталатын ең алғашқы драма 1962 жылы жарыққа шыққан. Бұл уақытта мемлекет теледидар бағдарламасын қатаң бақылайтын болғандықтан, драмалар халық сауатын арттыру, мемлекет саясатын насихаттау үшін түсірілген. Кейінірек романтикаға толы комедия ғана емес, детектив, фэнтези, тарихи драма жанрындағы фильмдер де танымал бола бастады.

Бүгін студент оқырмандарымызға сюжеті қызық, мотивация сыйлайтын драмалар тізімін ұсынбақпыз.

«Стартапты» жетістікке жетсем дейтін сту-

денттер міндетті түрде көруі керек. Бұл – ой мен сезімді қозғайтын кино. Тау қопаратындай амбициямен бизнес әлеміне беттеген Со Даль Миды өзі күтпеген дүниелер қарсы алды. Оның алғашқы махаббатымен кездесуінің өзі бір қызық. «Қолымнан не келеді, қалай үздік атануға болады?» деп атығып жүрген жастардың уақыт өте бәрін озып кеткеніне куә боласыз.

«Итэвон класстың» бір де бір минутын бейкам отырып қарай алмайсың. Саундтректеріне дейін санадың сілкіп жібереді. Бай баласымен жанжалдасып қалған Пак Сэ Ройдың өмірі сол күннен бастап күрт өзгереді. Оны шытырманға толы өмір жолы күтіп тұр еді. Қаладағы ең ірі кәсіпкерге айналған жігіттің қайтпас мінезіне қайран қаламын десеніз, мархабат!

«Шынайы сұлулық» драмасы – әдемілік ұғымының мағынасын аша түсетін туынды. Келбетінен қысылатын Чжу Ген бір күнде сұлу болып шыға келеді. Бірақ оның әр күні әдемі жүзін қорғаумен, жан-жағындағылар біліп қоймасын деген оймен өтеді. Сымбатты Су Хо мен еркін мінезді Со Джун оны тек сұлулығына бола ұнатты ма?!

Көркем туындыны сіздерге серпіліс беріп, көңілден шығады деген сенімдеміз.

А.НҰРТАЙҚЫЗЫ

Бұрындары ел ішінде темірден түйін түйіп, көздің жауын алатын бұйымдар жасайтын ұсталар көп болған. Ғылым мен технология қарыштап дамыған бүгінгі заманда тұрмыс қажетін өтейтін заттардың зауыттар мен фабрикаларда шығарылуына байланысты ұсталық өнердің ұмытыла бастағаны рас.

ӘЖІМБЕТ ҰСТАНЫҢ ҚОБДИЫ

Ұсталық – ұстамдылықты ұнататын өнер. Ұсталық – көнеден үзілмей келе жатқан киелі кәсіп. «Ұсталы ел озар, ұстасыз ел тозар» деген халқымыз темірден түйін түйіп, ағаш жонған ісмеріз «темірші», «дарқан», «ұста» деп төбесіне тұтып қадірлеген. Әйгілі Махмұд Қашқари «ағашты ұзын кес, темірді қысқа кес» деп ұсталық нақылды өсиет еткен. Бағзыдан жеткен сак әшекейлері де, мыңдаған жылдар мызғмай тұрған балбал мүсіндер де – осы ұсталардың көз майының еңбегі. Түркі халықтары темірден түйін түйетін шеберлердің атын атамай «Ұста» деп, жұмыс орнын «дүкен (ұстахана)» деп атаған.

Қазақ жерінде осындай он саусағынан өнер тамған небір ұсталар мен ғажайып ұстаханалардың болғаны белгілі. Соның ішінде Сыр өңірі – ұсталардың ұстаханасы саналады. Оған осы қасиетті өңірден шыққан ұсталар мен олар жасаған керемет бұйымдар дәлел. Сондай ұсталардың бірі, бірі емес, бірегейі – ұсталықты Тәңірден берілген сый ретінде қабылдаған, ХХ ғасырдың І жартысында есімі елге белгілі ұста болған Әжімбет Қарайғыров. Әжімбет ұстаның қолынан шыққан асыл дүниелер Қызылорда облыстық музейі қорында сақтаулы, олар – асдал, адалбақан, сандық, жұкаяқ, күміс зергерлік бұйымдар. 2023 жылғы облыстық музейдің «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу бөлімінің Арал ауданы, Шөмішкөл ауылына ұйымдастырған «Сыр өңірі бойынша далалық экспедиция және этнографиялық зерттеулер» этнографиялық-фольклорлық экспедициясы нәтижесінде музей қоры ұста ұстаған қобдимен толықты.

Қай дәуірде болсын қазақ ұсталары жасаған дүниелер өзінің құндылығын ешқашан жоғалтқан емес. Ұста жасаған жауһар дүниелер көздің жауын алып, тамсандырмай қоймайды. Ал, сол жауһарды жасауда пайдаланған құрал-саймандарын біле бермейтініміз өкінішті. Қобди – ұста, зергер, етікші т.б. шебер адамдардың құрал-сайманын салып қоюға арналған шағын сандықша. Қобди ағаштан жасалған, ішкі бөлігі үш бөлікке текшеленген, ал үстіңгі бөлігі екі бөліктен тұрады. Оң жақ бөлігінде ашып-жабуға арналған топсалы қапағы бар. Қақпақты аузына темірден ілгіш орнатылған. Қақпақ ашылып,



ішіне ұста құрал-саймандарын салып қоятын болған. Қобди қоңыр түсті. Қобдиды Әжімбет Қарайғыровтың жиен ұрпағы Әбуәли Қаниұлы музейге үлкен құрметпен тапсырды. Әбуәли Қаниұлының айтуы бойынша қобди қолына анасы арқылы түскен. Анасы дүниеден озған соң, Әбуәли ағайынды өзі осы күнге дейін сақтап келген. Ағашы көнеріп кетпес үшін соңғы жылдары қоңыр сырмен бояландығын да мәлім етті.

Қобди – ұсақ-түйек салатын кішкене сандықша. Әжімбет ұста қобдиына күнделікті қолданатын тескіш, біз, пышақ, балға, ара, егеу, қайрақ, білеу, қаншау тәрізді көлемі шағын құрал-саймандарын салып пайдаланған.

Қобди иесі Сыр жұртышылығына ұста-шебер ретінде ғана емес, Алаш ұлт-азаттық қозғалысының мүшесі, қуғын-сүргін құрбаны, суырып салма айтқысы ақыны, болыс, елге белгілі азамат ретінде де танымал. Әжімбет Қарайғыров 1888 жылы дүниеге келген, 1937 жылы Сталиндік зұлматтың құрбаны болған, 1953 жылы қайта ақталған.

Ұсталардың көзінің майын тауысып, өзінің қолымен өріп соққан қайталанбас бұйымдары – қалай бүгінде еліміздің алтын қазынасы саналса, киелі кәсіп иесі – ұсталар пайдаланған құралдар да дәл солай тиісті бағасын алуы қажет. Кезінде шебердің қолынан түспеген сом балға мен қысқаш, көрік пен қалақ, тістеуші пен шымшыр және осы құралдар салынған қобдилар қазіргі таңда қат болып тұр. Асыл бұйымға жан бітіретін құрал-саймандар да музей қызметкерлері тарапынан зерттеліп, музей қорына «құнды жәдігер» ретінде алыну жұмыстары жүргізілуде.

Ұлан ХАЙРУЛЛА,
Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері

«КҮМІС УНИВЕРСИТЕТ» ТУРАЛЫ БІЛЕСІЗ БЕ?

Қазақстанда 2021 жылдан бастап «Күміс университет» жобасы іске асырылуда. Жоба жоғары буынға түрлі бағыт бойынша білім мен дағдыны меңгеруге мүмкіндік береді.

Ғылым және жоғары білім министрлігі «Күміс университет» оқыту бағдарламаларын ұйымдастыру бойынша Әдістемелік ұсынымдарды бекітті.

«Күміс университет» – егде жастағы адамдарға екінші мамандық алуға көмектесетін халықаралық қозғалыс. Оқыту 50 жастан асқан азаматтардың жаңа кәсіп түрін үйренуіне жол ашады.

Бұл модель Франция, Ұлыбритания, Қытай және Жапония сияқты елдерде 60 жылдан астам уақыт бойы сәтті жұмыс істеп келеді. Қазақстан университеттері «lifelong learning» тұжырымдамасы шеңберінде 2022 жылдан бастап «Күміс білім беру» бағдарламаларын іске асыруда.

Бүгінде еліміздегі 32 университетте «Күміс университет» бағдарламалары бар.

Күміс университетте цифрлық дағды, шет тілдері, кәсіпкерлік, құқық, мәдениет, дін және физикалық белсенділікті қамтитын курстар оқытылады.

ӘЛЕМНІҢ ҮЗДІК ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ҚАТАРЫНА ЕНДІ

Қазақстан Республикасы Президентінің ғылым және технологиялар жөніндегі кеңесшісі, ғылымда өзіндік қолтаңбасы бар ғалым Күнсұлу Дальтонқызы жанының ТОП ғалымдары қатарына енді.

International Woman's Day (IWD) жаһандық бастамасы вакцина жасайтын ғалым әйелдердің тізімін ұсынды.

Ұйымның сараптауына, Сара Гилберт (AstraZeneca), Катрин Яне (Pfizer), Кизмекия Корбе (Moderna), Елена Смолярчук (SputnikV), Сумати Кей (Covaxin India), Хэнеке Шутмэкер (Johnson&Johnson) және Озлем Туречи (BioNTech) пандемиямен күресуге зор үлесін қосқан. Бұл туралы Techcollectivesea басшылығы жариялады.

Солардың қатарында елімізде дайындалған QazVac (QazCovid-in) вакцинасы тазартылған, концентрацияланған, белсенділігі жойылған вакцина болып табылады. Бұл екпені әзірлеу технологиясы әбден ескелген, барлық компоненттері сенімді. Сондай-ақ оның тиімділігі зерттеулер мен қолдану тәжірибесіне сәйкес 90%-дан жоғары. Ғалымдардың ерен еңбегі осылайша әлемдік деңгейде топ жарып отыр.



Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндегі зертханасының ғылыми қызметкерлері осыған дейін күріш сабағынан целлюлоза алудың оңтайлы жағдайларын зерттеді. Ғылыми жұмыс нәтижесі көңіл қуантады. Бүгінде бұл жоба патенттеліп, халықаралық бағылымға мақала жарияланған. Целлюлоза негізінен кеңсе қағаздарын жасауда қолданылады.

Жуырда зертхананың ғылыми қызметкері Индира Еспанова күріш сабағынан алынған целлюлозаны химиялық модификациялап, карбоксиметилцеллюлоза алу жобасын ұсынды.

Бұл өнім негізінен үй тұсқағаздарына арналған желім жасауға, мұнай мен жер асты кенін өңдеуге, медицинада дәріні тасымалдауға және басқа да көптеген салада қолданылады.

– Сондай-ақ карбоксиметилцеллюлоздан гидрогель алуға болады. Гидрогель медицинада (гель, мазь жасауға) көп қолданылады. Бірақ көбіне ауылшаруашылық саласында өсімдік өсіру мақсатында пайдаланамыз. Топыраққа қосылған гидрогель ауадағы, жауын-шашыннан түскен ылғалды бойына сіңіреді де, өсімдіктің бойына таратып отырады. Бұл біздің өңіріміз үшін өте маңызды. Себебі, өсімдікті суармай-ақ өсіруге мүмкіндік береді. Гидрогелдің жас өскінге де, қоршаған ортаға да зияны жоқ, – деді Индира Еспанова.

Зерттеуші өткен жылы университеттегі жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуге арналған ректор гранты конкурсының жеңімпазы атанды. Бүгінде жоба туралы Scopus базасындағы жоғары көрсеткішті журналдарға мақала жариялау жоспарлануда.




Күзде егінді жинап алған соң миллиондаған тонна күріш қауызы мен сабаны керексіз зат ретінде өрттелетін. Одан шыққан түтіннің ауаны ластап, адам денсаулығына кері әсер ететіні рас. Қызылордалық ғалымдар кейінгі жылдары күріш қалдығына химиялық зерттеу жүргізіп, кәдеге жарайтынын дәлелдеді.

КҮРІШ САБАНЫНАН ГИДРОГЕЛЬ АЛДЫ



ҚАЗАҚСТАН «СУҒА ӨТЕ МҰҚТАЖ» ЕЛДЕР САНАТЫНА КІРУІ МҮМКІН



– Швейцарияда бірнеше ай тағылымдамадан өттіңіз. Ғылыми ізденіс, тәжірибе жинақтау қандай бағытқа негізделді? Қай университет базасында зерттеу жүргіздіңіз?

– Университеттің аға оқытушысы Эльмира Елеуовамен бірге Швейцария елі, Солтүстік-Батыс Швейцария қолданбалы ғылымдар және өнер университетінің (FHNW) Экологиялық кәсіпкерлік институтында (EIC) тағылымдамадан өттік. Солтүстік-Батыс Швейцария қолданбалы ғылымдар және өнер университеті бұл елдің бірнеше қаласында орналасқан тоғыз университеттен тұрады.

Эко-кәсіпкерлік институты (EIC) экологиялық таза өндірістік процестер мен қалдықтар, ағынды суларды тазарту, қайта өңдеу және кәдеге жарату әдістерін әзірлеумен айналысады.

Тағылымдамамыздың бағыты – агроөнеркәсіп кешені саласындағы зерттеулер, оның ішінде ауыз су сапасын, тазалығын қамтамасыз ету. Сапар барысында дамыған шетел тәжірибесі бойынша жаңа білім тағдырларды игеруге, ауыл шаруашылығы саласындағы жаңа технологиялармен танысуға, біліктілігімізді жетілдіруге мүмкіндік алдық.

– Таңдау неліктен Швейцарияға түсті? Бұл елдегі ғылым жүйесінің ерекшелігі туралы айтып берсеңіз...

– Швейцариядағы университеттің аға ғылыми қызметкері, PhD Марина Питермен біздің кафедра тығыз байланыста. Алғаш рет ғалыммен 2021 жылы Алматы қаласында таныстым. Ол Алматыдағы Орталық Азияның аймақтық экология орталығында қазақстандық ЖОО оқытушыларына семинар-тренинг өткізген еді. Сол семинарға Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінен мен, Жиенбай Ырысалды және эколог әріптесіміз Светлана Кужамбердиева қатысты. Ауқымды шарадан кейін Марина Питер біздің университеттің шақыртуы бойынша Қызылордаға келіп, білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамына дәрістер оқыды. Бір жылдан кейін Марина Питер маған және әріптесім Эльмира Елеуоваға шақыру жіберді.

Швейцария елінде ғылым жүйесі өте жақсы дамыған. Ол жақта ғылыми жобалар басты назарда. Қызметкерлер, оқытушылар ғылыми жобаға қатысумен қатар, білім алушыларды да шақырады. Байқағанымыз, университет оқытушыларына ғылыммен айналысуға барлық жағдай жасалған, бір мезгіл сабақтарын береді, қалған уақытта өздерінің ғылыми жұмыстарымен айналысады.

– Елдегі су сапасы, су технологиясына қатысты зерттеулер қаншалықты жүйелі?

– Қазақстанда су сапасы, су тапшылығы жыл өткен сайын күрделі мәселеге айналып келеді. Қазақстан 2050 жылға қарай «суға өте мұқтаж» елдер санатына кіруі мүмкін. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі кеңесте айтты. Сондықтан 2023 жылы елімізде Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылды.

Бытыр Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ғалымдары мақсатты қаржыландыру бағдарламасы бойынша «Қызылорда облысында су тапшылығы жағдайында мал азықтық

Ел ғалымдары «500 ғалым» жобасы аясында әлемнің үздік ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өтуде.

Зерттеушілер шетелде жинақтаған тәжірибесін ел игілігіне жұмсамақ. Осы орайда «500 ғалым» жобасының грант иегері, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы, техника ғылымдарының кандидаты Гүлнұр Далдабаевамен тілдестік.

Ел ғалымдары мен ағаш екіпелерін суару үшін сарқынды суларды қауіпсіз утилизациялау технологиясын әзірлеу» тақырыбындағы гранттық жобаны ұтып алды. Қазіргі таңда зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар, «Су шаруашылығы және жерге орналастыру» кафедрасының магистранттары мен докторанттарының ғылыми зерттеу тақырыптары осы су үнемдеу технологияларына, яғни тамшылатып суаруға байланысты. Бұл тақырып аясында көптеген зерттеу жүргізілуде.

– «500 ғалым» жобасы бойынша тағылымдамадан өту талаптары қандай?

– Жобаға қатысушы үміткердің ғылыми дәрежесі, ғылыми зерттеу бойынша таңдаған саласында кейінгі 12 айда үзіліссіз жұмыс өтілінің болуы ескеріледі. Ғылыми тағылымдамаға үміткерді қабылдайтын, шетелдік ұйымның шақыртуы керек. Мемлекеттік және шет тилді білуі маңызды.

Швейцариядағы тағылымдама барысында украиналық ғалым, профессор Галина Круссирмен таныстық. Сол кісі бізге «Қандай бақытты жансыздар, біздің елде ондай бағдарлама жоқ, жастарға ондай мүмкіндік жасалмаған» деп қызыққан еді. Сол себептен қазақстандық ғалымдарға осындай мүмкіндік берген ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне, Халықаралық бағдарламалар орталығына және университет басшылығына алғысымды білдіремін. Әріптестерімді бұл мүмкіндікті пайдаланып, «500 ғалым» жобасы аясында әлемнің алдыңғы қатарлы оқу орындарында тағылымдамадан өту үшін байқауға қатысуға шақырамын.

– Өзге де ғылыми зерттеу жұмыстарыңыз туралы айтып берсеңіз...

– Менің негізгі ғылыми зерттеу жұмысым – Арал теңізінің құрғаған табанын галофиттер, яғни тұзға төзімді өсімдіктер көмегімен баптау.

Қазір университет ғалымдарымен бірігіп, жоғарыда айтып өткен, ауқымды гранттық жобаға қатысудамын. Бұл жоба барысында бірнеше мақсатқа жету көзделіп отыр. Соның бірі – су ресурстары тапшылығы жағдайында, ағынды суларды, су үнемдеу технологияларын пайдалана отырып, ауыл шаруашылығы дақылдары мен ағаштарын өсіру.

– Уақыт бөлгеніңізге рақмет!

● БІЗДЕР ДЕ ЖАС БОЛҒАНБЫЗ!



Сезім серуені

Сендеріңдер отбасының тірегі,
Тіршіліктің тауқыметін
тартпаңдар.

Әйел – АЛЫП,
Әйел – Бақыт,
Береке...
Әйелдерсіз керілмейді кереге.
Құтты болсын,
Құтты болсын Арулар
Көктемменен бірге келген мереке!

САҒЫНЫШ

Сыныптастарың сезімі мен
сағынышы туралы бір үзік сыр.

Сол кездегі көгілдір,
Көктемді сағындым.
Білім берген мөп-мөлдір,
Мектебімді сағындым.

Он бір жыл өткен өзіңмен,
Қыс-жазымды сағындым.
Тәлім берген төзіммен,
Ұстазымды сағындым.

Сығынышты кім ұқпас,
Сонау жылы сыныптас,
Өздеріңді сағындым.

Сыйласатын сыпайы,
Сырласатын шынайы,
Сөздеріңді сағындым.

Жәудіреп тура қарайтын,
Жанардан шуақ тарайтын,
Көздеріңді сағындым.

Сезімдер ішке сыймайтын,
Сездіре алмай қинайтын,
Кездерімді сағындым...

АЙ ТӨБЕДЕН АСҚАНДА

Аспан асты, тым ашық,
Сол күн алғаш сыр ашып...
Есінде ме, қалқатай,
Кеткеніміз қыр асып.

Ақша бұлт жоқ аспанда,
Қарадың сен аспанға.

«Қайтайық» деп қиялды,
Ай төбеден асқанда.

Құрбым солай қиналды,
Сол кешті мен қимадым.
Көп жұлдызды көктегі,
Көлді саған сыйлағым.

Жұлдыздарға көктегі,
Қолым бірақ жетпеді.
Сол кеш кейін көңілден,
Көпке дейін кетпеді...

Сондағы қайың сыбыды,
Келеді дәйім құлаққа...
Судың да аққан сылдыры,
Қалып қойды құлақта...

СОЛ КҮНДЕР

Албырт сезім аласұрып,
Бір көрмесем сағындым.
Талай түнде таң асырып,
Тәңірдей саған табындым.

Білдіре алмай бал сезімді,
Бәрі солай басталды.
Жеткізе алмай жан сезімді,
Жүрек неден жасқанды?

Іздеп барып үн қата алмай,
Өзіме лағнет атушы ем.
Тура барып тілдесе алмай,
Еңсем түсіп қайтушы ем.

Сол Мәжнүн кездерімде,
Сонан да алдым ләззат.
Сездің бе әлде сезбеңің бе,
Шектім солай шын азап...

Тоғыспады тағдырымыз,
Таптың сен оны басқадан.
Мен де, сен де, барлығымыз,
Бүгінде болдық «басқа» адам.

Бұның бәрі айтуға оңай,
Ғашықтық екен ғазабат...
Сеземсің достым солай,
Ең алғашқы махаббат.

Қазыбек ӘШПРБЕКҰЛЫ

ОҚЫЛЫМДЫ 10 КІТАП

1. Санжар Керімбай, Әділбек Нәби «Өзбекәлі және мәдени майдан»
2. Марзия Бекайдар «Выбери счастье в обоих мирах»
3. Құрманғазы Тұрмаханұлы «Ризық»
4. Данияр Жігітбек «Қаржы қағидалары»
5. Имам Ғазали «Бақыт формуласы»
6. Луиза Мэй «Маленькие женщины»
7. Рейчел Холлис «Әй, қыз, көзінді аш!»
8. Перизат Мырзахмет «Өмірдің аты М»
9. Нұрсұлтан Рысмағанбетұлы «Ғаламның жауһарлары»
10. Лора Шлессингер «10 дурацких ошибок, которые совершают женщины. Взять себя в руки и стать счастливой»



Кітапсыз үй – терезесіз үй. Кітапсыз үй – рухсыз денеге ұқсайды деп ғұламалардың айтқан сөзінде терең мағына жатыр. Орыстың ұлы жазушысы Максим Горький жас кезінде байға жалданып жұмыс істеген. Ақысына тек кітап оқуды қалаған, ол тек осы шартты қойды. Қожайыны түнде шатырдың астындағы қараңғы жерге шам жағып, оның білтесін өлшеп бергеннен артық жақпауын бұйырған. Ол артық жағып, талай қожайынынан таяқ жеген емес пе?! Міне, кішкентай Горькийдің кітап оқуға деген құштарлығына қалай ғана оқыған кішкентай баланың әлемді мойындатқан жазушы болғаны, осы кітаптың арқасы деп білемін.

Кітап – асыл қазына, рухани байлық, ақылшы дос. Кітап – жан сарайыңды ашады, сөздік қорыңды байытады. Жақсы кітап оқысаң, жақсы кейіпкерлермен кездесіп, өмірге құштарлығың артады. Кітапты құмарлықпен оқу кез келген жанның қолынан келе бермеуі мүмкін. Оқуға қызығушылықты ояту – қазіргі заманның ең түйткіл мәселесі. Бүгінгі таңда заман қажеттілігіне сай кітаптар жазылуда, ол оқырманның қызығушылығына да ие. Осыған дәлел Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасына бардым. Аймақтағы 209 кітапханада оқырман санының 255 мыңға жуық екенін, келушілер саны 2 млн-нан асқанын, кітап қорының 4 жарым миллион екенін

көріп, қуанып қалдым. Осы статистикадан соң оқырмандар кітап оқуға құштар емес деген ойдан арылдым.

Жастар қандай кітаптарға қызығады?

Болашақтың кілті – білімді жастардың қолында. Жан-жақтан ақпараттық құралдардың, әлеуметтік желілердің, гаджеттердің көмегімен еркін кітап оқуға мүмкіндік бар. Психологиялық, мотивациялық, қаржылық сауаттылық, діни кітаптар жастардың назарына ие. Себебі, бүгінгі жастары ізденімпаз, қиялшы, армандары биік олар үшін білімнің әрбір көзі құнды.

Онлайн кітап саудасы

Онлайн кітап саудасы бізге шет елдерден келген жаңаша әдет. Қазір Қазақстанның барлық қалаларында жұмыс жасайды. Көпшілікке пайдасы зор әлеуметтік желінің көмегімен-ақ сауданы дөңгелете жүргізуге мүмкіндік бар. Қазірде кітап сауға арналған Flip, Kaspi, Kitapal, Меломан сынды онлайн-дүкендері танымал. Халық онлайн сауданың қызметін тұтынуға. Бұл да біздің кітап оқуға деген қызығушылықты арттыратыны сөзсіз.

Шұғыла МҰХИТҚЫЗЫ,
Еуразия Ұлттық университеті
филология факультетінің
студенті

Қазір елімізде қанты көп сусындарды тұтынудың салдарынан қант диабеті, семіздік және жүрек-қан тамыры секілді аурулар көбейіп барады. Мәселен, тек қант диабетіне шалдықандардың саны соңғы 5 жылда 31%-ға өсіп, 400 мыңға жуықтады. Егер бұлай жалғаса берсе, 2030 жылға қарай науқас саны 1 млн-нан асады деп болжап отыр мамандар.



Коланың бір құтысы жарты келі салмақ қосуға сеп. Яғни газдалған сусындарды жиі тұтынуға семіздікке әкеп соғады. Екіншіден, мұндай сусын тістеріңізді құртады. Бұл сусындар адамды алкоголь мен есірткі секілді өзіне тәуелді етеді. Тіпті бұл ғылыми түрде дәлелденген. Оның құрамында кофеин, эфедрин, адреналин мен никотин қышқылы, басқа да синтетикалық қоспалар асқазанда жара пайда болуына, жүрек-қан тамырларының тарылып, жүйкенің жансыздануына, бүйрек жұмысының бұзылып, мидың әлсіреуіне әкеліп соғады екен. Сондықтан мұндай сусындарды аяғы ауыр келіншектерге, балаларға, жасөспірімдерге, жүрек-қан тамырлары ауруларымен ауыратын адамдарға мүлдем пайдалануға болмайды. Тіпті оны жастардың өзі көп

Тәтті, газдалған, энергетикалық сусындар, шырындар мен салқындатылған тәтті шайларды көп тұтынудың салдарынан балалар арасында тіс ауруы, семіздік

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ СУСЫНДАРДЫҢ ЗИЯНЫ ҚАНДАЙ?

белең алуда. Елдегі 6 млн баланың 3,2%-ы семіздікке шалдыққан. Халықтың 20%-ы артық салмақпен күресіп әлек. Соңғы 5 жылда жүрек-қан тамырлары аурулары 16%-ға өскен. Денсаулық сақтау министрлігі салықты көбейтіп, қолжетімді тауарды қымбаттатқанда ғана тұтыну азаяды деген үмітте.

Қазір көшеге шықсаңыз, екінің бірінің қолынан кока-кола немесе газдалған сусын көресіз. Олардың жарнамалары да самсап тұр, алайда ағзаға тигізер зиянына көпшілік мән бермейді.

Газдалған сусындардың көбінің құрамында калория бар. Калориясы, соның ішінде қант құрамы жоғары тағам және сусын өнімдері салмақтың артуына, семіздікке ұшыратады.

ішсе, арты белсіздікке әкеп соқтыруы мүмкін. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні: ұрпақ болашағын, ұлт келешегін ойласақ, мұндай сусындарды мейлінше аз көлемде пайдаланған жөн.

Акерке КЕНЖЕБЕК,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті



ОБА – АСА ҚАУІПТІ АУРУ

Оба – аса қауіпті аурулар тобына жататын дерт. Оба ауруының қоздырғышы – ұсақ сүтқоректілер мен онда тіршілік ететін бұргелердің денесінде кездесетін зооноздық бактерия “Yersenia pestis”. Ауру ауыр интоксикациямен, лимфа түйіндері, өкпе және терінің зақымдалуымен сипатталады.

Адамзат тарихында миллиондаған адамның өмірін қиған аурудың үш негізгі індеті бар. Бұл ауруға «Қараөлім» деген лақап ат берілді. Қазіргі уақытта аурудың эндемиялық елдері – Конго Демократиялық Республикасы, Мадагаскар және Перу. Біздің елімізде Оңтүстік және Батыс Қазақстанда ауру ошақтары бар.

Табиғаттағы инфекциялардың резервуарлары – әртүрлі кеміргіштер (егеуқұйрықтар, гоферлер, суырлар т.б.). Инфекциялардың тасымалдаушысы – бұрге. Адамның ин-

фекциясы бұргенің шағуы, ластанған етті жеу немесе ауру жануардың терісін өңдеу кезінде болуы мүмкін.

Аурудың инкубациялық кезеңі 3-6 күн аралығы. Дерт кенеттен басталады. Дене қызуы көтеріледі, қатты интоксикация күшейеді, бұлшықет ауруы пайда болады, сана бұзылады, лимфа түйіндерінің қабынуы «тамбуриндердің» пайда болуымен бірге жүреді.

Обадан зардап шеккен аймақтарда болған кезде келесі алдын алу шараларын сақтау қажет:

- жеке бас гигиенасын сақтау;
 - жоғары сапалы термиялық өңдеуден өткен тағамдарды жеу;
 - тұратын және жұмыс істейтін аумақтарды таза ұстау;
 - үй-жайды қоқыстан тез арада тазарту.
- Егер сіз обаға күдіктенсеңіз, дереу медициналық ұйымға хабарласуыңыз керек!

В.ШКУНОВА,

Көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің Қызылорда қаласының санитариялық-карантиндік бақылау бөлімінің бас маманы

Биыл 8-15 қыркүйек аралығында Астанада V Дүниежүзілік көшпенділер ойыны өтеді. Оған 100-ден астам мемлекеттен 4000-ға жуық спортшы қатысады деп күтілуде. Елімізде бұл спорттық сараға дайындық қызу екені белгілі. Ал облыстан кімдер қатысады, спортшылар қалай жаттығуда? Мұны білмек үшін ұлттық ат спорты түрлерінің облыстағы жетекшісі Исламхан Боранбаевпен әңгімелестік.



КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНЫ – ҰЛТТЫҚ СПОРТТЫ ТАНЫТУҒА ТАМАША МҮМКІНДІК

– Түркі әлемі көз тіккен көшпенділер ойынына іріктеу қалай жүргізілуде? Қызылорда облысының спортшылары қандай спорт түрінен қатысады?

– Көшпенділер ойынына қатысатын спортшылар ҚР Ұлттық ат спорты түрлері қауымдастығының бекіткен ережесіне сәйкес үздік спортшылардың ішінен іріктелуде. Қазір Астанадағы Ұлттық ат спорты түрлері орталығы бұл жұмыстармен айналысуда. Көкпарда бір құрамда 12 шабандоз өнер көрсетеді. Аймақтардан жиналған 36 спортшының ішінен сайдың тасындай мықтылары таңдалып, бір командаға жиналады. Өткен жылы жақсы нәтиже көрсеткен Қызылорда облысының 6 спортшысы әзірге оқу-жаттығу жиынына қатысуда. Осы кезге дейін көкпардан ұлттық құраманы Қуанышбек Құрамаев жаттықтырса, қазір Түркістан облысының тумасы Ақылбай Макеев атқарауда. Ал аударыспақ бойынша әр салмақтан 3 спортшыдан таңдалды. Оқу-жаттығу жиынында бақ сынап, өзара іріктелуде. Біздің облыстан осы спорт түрі бойынша 2 жігіт ересектер құрамасында өнер көрсетуі мүмкін. Жамбы атуға келсек, облыс құрамасын жаттықтырып жүрген Ғалымжан Өміртай ересектер сапында, оның екі оқушысы жастар құрамасында бақ сынады. Теңге алу бойынша көшпенділер ойынына облыстан ешкім қатыспайды. Себебі теңге ілушілеріміз республикада былтыр үшінші, төртінші орыннан көрінген болатын.

– Ұлттық ат спорты дамыту үшін мемлекеттен қолдау бар ма? Облыста осы салаға қатысты мамандар қайда жаттығады?

– Ұлттық ат спорты қауымдастығы және ұлттық ат спорты орталығы жарыстарды ұйымдастырумен айналысады, бірақ қаржылық жағынан немесе ат жарату бойынша көмектеспейді. Тек ойынның өткізілу тәртібі мен ережелерін қадағалайды. Әр облыста осы салаға жауапты басқармалар бар. Өңірдегі денешынықтыру, спорт және туризм басқармасы өзге аймаққа іс-сапарға шығатын болсақ, қаржылық жағынан қолдау көрсетеді. Жаңақорған ауданында №7 балалар мен жасөспірімдерге арналған мамандандырылған олимпиадалық спорт мектебі бар. Мектепте ұлттық спорт түрлері – көкпар, аударыспақ, жамбы ату, теңге ілу бойынша спортшыларды жаттықтырып, жарыстарға қатысудамыз.

Айта кетерлігі, Қызылорда қаласында 2024 жылы көкпардан ересектер арасындағы чемпионат өтеді. Жалпы көкпарға қатысатын шабандоздар үш категорияға бөлініп жаттығады. Атап айтсақ, 14-17 жасқа дейінгілер жасөспірімдер, 17-21 жас аралығындағылар жастар санаты бойынша, 21 жастан кейін спортшылар ересектер арасындағы көкпарға қатысады.



Дүбірлі дода Қызылордада алғаш рет өткелі тұр. Осыған дейін жасөспірімдер және жастар санаты бойынша Жаңақорған ауданында бес рет ҚР чемпионатын қабылдаған едік.

– Алғаш рет елімізде өтетін көшпенділер ойынының ерекшелігі неде? Осы жолы арқан тартыс сынды ұлттық ойындарымыз да бағдарламада бар екен...

– Қырғызстан Республикасында Бүкіләлемдік көшпенділер ойыны үш мәрте ұйымдастырылды. Алғашқы ойын 2014 жылы өтіп, оған 18 елден 300-ге жуық спортшы қатысқан болатын. Екінші ойын 2016 жылы ұйымдастырылып, 53 елден мыңнан аса спортшы қатысты.

Үшінші көшпенділер ойыны да 2018 жылы Қырғызстанда Шолпан ата қаласында өтті. Бұдан кейін төртінші ойындарды өткізу құқығын 2022 жылы Түркия алып, жарысты Изник қаласында ұйымдастырды. Дүниежүзілік көшпенділер ойындары – этникалық, дәстүрлі спорт түрлері бойынша өтетін халықаралық жарыс. Көшпенділер ойынының авторы қырғыздар десек болады, сондықтан ұлттық ойындарға көбінесе қырғыздардың ережесі енгізілген. Сондай-ақ өзбектердің, моңғол, татарлардың да ережесін байқауға болады. Көшпенділер ойынының бағдарламасында алыш, кураш секілді өзге ұлт ойындары, ат үстінде садақ ату, яғни біздің жамбы атуымыз, кәдімгі садақ ату, арқан тартыс сынды бірқатар спорт түрі бар.

– Көшпенділер ойынының маңыздылығына тоқталсақ...

– Байрақты бәсекеде әр мемлекет атадан балаға мирас болған этнос-түрлерін жоғары деңгейде танытуға мүмкіндік алады. Сондай-ақ түркі, тарихи көшпенді халықтардың мәдени және рухани жақындасуына септесіп, ынтымақтастығын арттырады. Батырларымыз ұлы даланы дүбірге бөлеп, ат үстінде күн-түн демей ел қорғаса, Ақан сері, Біржан сал, Балуан шолаяқ, Мәди сынды палуан, сал-серілеріміз ұлттық құндылығымызды бізге жеткізді. Біздің бар мәдениетіміз ат үстінде. Жылқы мен қазакты бөліп жаруға болмайды. Сондықтан көшпенділер ойынының күллі қазақ үшін маңызы зор деп білемін.

– Сұқбаттасқаныңызға рақмет!

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКАДАН АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ

Жеңіл атлетикадан жабық ғимаратта өтіп жатқан Азия чемпионатының алғашқы жарыс күнінде қоржынға 3 медаль түсті.



Тегеран төріндегі жарыста Давид Ефремов 60 метрге кедергілер арқылы жүгіруден чемпион атанды.

Ядро лақтырудан Иван Иванов 19,08 нәтижесімен күміс медаль еншіледі.

Ал әйелдер арасындағы 1500 метрлік жарыста Аяна Болатбекқызы қола медальға қол созды.

ТҮРКИЯДАН ҮШ МЕДАЛЬМЕН ОРАЛДЫ

Түркияның Анталья қаласында таеквондодан G1 санатына кіретін Turkish Open халықаралық турнирі мәреге жетті.



Аталған сында Қазақстан құрамасы 3 медаль жеңіп алды.

73 келідегі Жансель Дениз бен Самирхон Абубакиров турнирдің күмісін еншілессе, Руслан Жапаров (+87 келі) қола медаль иеленді.

Алғашқы жарыс күні Жансель Дениз (73 келі) финалда қарсыласқа жол берген. Ал Самирхон Абабакиров (73 келі) күміс жүлдегер атанса, Руслан Жапаров (+87 келі) үздік үштікті түйіндеді.

Түрлі жас санатындағы турнирге 60 мемлекеттен 1900-ге жуық спортшы қатысты.

ПАРА ДЗЮДОДАН АЛТЫН АЛДЫ

Германияның Гейдельберг қаласында пара дзюдодан өткен Гран-при турнирі қазақстандықтар үшін табысты аяқталды.



Қазақстан пара дзюдо федерациясынан мәлім еткеніндей, жарыстың соңғы күні Зарина Раифова J2 санаты бойынша +70 келі салмақ дәрежесінде чемпион атанды.

Қазақстандық парадзюдошы финалда кубалық қарсыласын вазари әдісімен тізе бүктірді.

Сондай-ақ Аяла Мереке дәл осы санатта 70 келіге дейінгі салмақта қола жүлдеге ие болды.

Ерлер арасында Жұхамырза Шүкірбеков J2 санаты бойынша +90 кг салмақта үздік үштікке ілікті.

Осылайша, Қазақстан құрамасы Гран-при жарысында барлығы 5 медаль жеңіп алса, оның екеуі – алтын, үшеуі – қола.

МБАППЕ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?



Әлемдегі ең қымбат ойыншы Килиан Мбаппе «Реал Мадридпен» келісімге келді. Футболдан Франция құрамасының және «Пари Сен Жермен» клубының шабуылшысы Мбаппенің командадағы келісімшарт уақыты биыл жазда бітеді. Ал испандық команда Мбаппемен 2029 жылға дейін келісімшартқа отырды. «Реалмен» келісім 2024 жылдың 1 шілдесінде күшіне енеді. Осылайша футбол фанаттарының көптен бергі жорамалы расқа айналды.

Футболдан Катарда өткен әлем чемпионатындағы Мбаппенің жеңіске бергісіз жеңілісі әлі есте. Әлем көз тіккен долада хет-трик авторы атанып, ең көп гол салған сұрмергенге Франция президенті Макронның өзі келіп қолдау білдірген еді. Финалдық ойында жалғыз өзі үш гол салып, команданы алға сүйреген Килианнның ойын біткендегі күйініші мен намыстанғанын көргенде франциялық футболшының талантына тамсана қарадық.

Атағы алысқа тараған Мбаппе туралы не білеміз? 25 жастағы Мбаппеде талай футбол

жұлдызында арман болған әлем кубогы бар. Ол 2018 жылы Франция құрамасының сапында әлем чемпионы атанған. Қатардағы әлем кубогында 8 гол салып, жарыстың сұрмергеніне берілетін “Алтын бутсаны” иеленді.

Мбаппе Париждің кедей ауданында туып өскен. Әкесі Вильфрид Камеруннан шыққан, ал шешесі Файза – алжирлік мигранттардың қызы. Екеуі де бұрынғы спортшылар. Мбаппе 5 жасында әкесі жаттықтырушы болған “Бонди” футбол мектебіне барып, жаттыға бастайды. Мұнан кейін Франциядағы ең танымал футбол мектебі “Клерфонтен” академиясына қабылданады. Футболдағы жетістік кездейсоқтық емес. Әкесінің айтуынша, футболды қатты жақсы көрген Килиан бала кезінде допты ұйықтарда да кимай, жастық орнына пайдаланған деседі.

“Клерфонтенде” екі жыл ойнаған Мбаппе чемпионатта үздік өнер көрсетіп, кәсіпқой карьерасын 15 жасында “Монако” командасында бастады. Ал 18 жасында Францияның үздік командаларының бірі “ПСЖ” дарынды футболшыны 145 млн долларға сатып алады. Осы жылы ақпараттық сайттар Мбаппенің рекорд орнатқанын, әлемдегі ең жылдам футболшы екенін жазды. Килиан “Лилльге” қарсы ойында сағатына 44,7 шақырым жылдамдықпен жүргізген. Ал 19 жасында Франция құрамасымен Ресейдегі әлем кубогын жеңеді.

Мбаппенің жана клуб құрамында да бағы жанып, Месси мен Роналдудан кейін ел аузында жүретін аңыз футболшы атанарына сенім зор. Жас таланттың әр қадамы – ел назарында.



РАДИО:

ЖАҢА ФОРМАТ ПЕН ПРАКТИКА

Өткен аптада кеңінен тойланған, 13 ақпан – дүниежүзілік радио күні деп бекітілген. Мерекесі ЮНЕСКО-ның Бас конференциясының шешімімен 2011 жылы күнтізбеге енген. Айтұлы күні 1946 жылы БҰҰ Радиосының құрылған күніне арналған. Қалың тыңдарманның жүрегін баураған сымсыз байланыстың бұл түрі әлі күнге дейін өз құндылығын жоғалтпаған. Радио күні Қазақстанда да елеусіз қалмады.



«Siri», «Алиса» іспеттес цифрлық технологияның көмегіне жүгінбейтін адам жоқтың қасы. Ақпарат өте тез тарағандықтан соң, оның өзектілігі демде сейіліп кетеді. Әлеуметтік желі пайда болғалы жаналықтың рас-өтірігін ажырату тіптен мүмкін болмай бара жатыр. Алайда осы бір олқылықтардың орнын жасанды интеллект арқылы толықтыруға болады. Сондай-ақ ЖИ-дің көмегімен журналистерге қызықты тақырыптарды, мақалаларды жазуға көмектеседі. Айтпақшы, ол тележүргізушінің орнына жасанды интеллект арқылы жасалған графикалық тұлғаларды жасау арқылы жаналықтарды жүргізу мүмкіндігіне ие болды.



Әлемде кеңінен танылып келе жатқан «подкаст» туралы естуіңіз бар ма? 2004 жылдан бастап ауқымды танымалдылыққа ие бола бастаған бұл ұғым туралы да дәрістер өткізілді. Қысқы мектептің студенттері теориялық және практикалық тұрғыда білімді шыңдады. Сондай-ақ Дата журналистика, фотожурналистика, сайттар туралы дағын ақпараттарталқыға салынды. Оффлайн режимінде өткен медиа-диалог алаңы сан алуан пікірлер легімен толысып, студенттер емін-еркін ой бөлісті. Онымен қоса, шығармашыл жастарды шабыттандыру мақсатында поэзия кеші ұйымдастырылып, белгілі ақындармен кездесу өтті.



Білім алаңында ҚазҰУ-нің білікті мамандары мен журналистика саласының мамандары дәріс берді. Журналистика факультетінің деканы Темірғали Көпбаев, БҰҰ Жаһандық коммуникациялар департаментінің Қазақстан Республикасындағы өкілі, БҰҰ-ның Қазақстан Республикасындағы өкілі ақпараттық бюросының басшысы Властимил Самектің және Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының меңгерушісі, профессор Гүлмира Сұлтанбаева шараның жоғары дәрежеде өтуіне атсалысты.

2014 жылдан бері Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Пан Ги Мун атындағы Тұрақты Даму Институты және журналистика факультетінің Халықаралық журналистика және коммуникация қысқы мектебі бұл күнді айрықша атап өтуді дәстүрге айналдырған. Биылғы радио күніне арналған қысқы мектеп «Радиохабар таратудағы жасанды интеллект: жаңа форматтары мен практикасы» тақырыбында өтті. 11 жыл дәстүрлі түрде өтетін #worldradioday хештегімен танымал бұл іс-шара – радио саласының қыр-сырымен таныстырып, әлемдік деңгейдегі маңыздылығын дәріптейді.

Қысқы мектепке Қазақстанның әр өңірінен, Ауғанстан, Бангладеш, Эфиопия, Қытайдан келген студенттер мен оқытушылар қатысты. Форум 14-16 ақпан аралығында Алматы облысы, Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық паркі, Белбұлақ шатқалы, «Тау-Тұран» білім беру-сауықтыру кешенінде өтті. Әр студентке сертификат беріліп, белсенділік танытқан білім алушыларға дәрежелі дипломдар табысталды.

Нұршат НЫШАНОВА



СЫРТҚЫ ТУРИЗМ.

ҚЫСТА ҚАЙ ЕЛДЕ ҚЫДЫРУҒА БОЛАДЫ?

Көктем келе жатқанымен, қазір қысқа демалыстың қызып тұрған шағы. Бүгінгідей суық ауа райында Қазақстан азаматтары қыс мезгілінде 34 елге визасыз кіре алады. Жыл сайын елімізден 7,7 миллион адам шетелде демалып келетін көрінеді. Оған қоса, бұл сан жылдан-жылға артуда. Себебі сыртқы туризм қолжетімді бола түсті, саяхат қалтаға қатты салмақ салмайды. Кез келген адам шамасына қарай тиімдісіні таба алады. Сондықтан демалыста шетелге баратындардың қатары көбейіп отыр.

Туризм саласының мамандары көп ақша жұмсамай-ақ демалып қайтуға болатын елдер тізімін жариялаған болатын. Олардың айтуынша, Қазақстан туристері көбіне жаңа жайлы, жылы жерлерді жиі тандап жатады екен.

ВИЗАСЫЗ БАРАМ ДЕСЕҢІЗ...

Визасыз кіруге болатын 34 елмен қатар тағы 20-дан аса елге барып, әуежайында виза жасап алуға болады. Бірақ олардың арасында әзірге тек Мысыр елі танымал. Ал жалпы қазақстандық туристердің арасында ең танымал бағыт – БАӘ, Грузия, Түркия, Әзірбайжан. Кейінгі екі-үш жылдықта Өзбекстан да осы қатарға қосылыпты.

Мамандар қысқы маусымда адамдарды көбіне жылы жаққа кеткісі келетінін айтады. Сонымен қатар көбі қыста белсенді демалысқа шыға бермейді. Көбі БАӘ, Таиланд, Қытайдағы Хайнань аралдарына барады. Осының ішінде Таиланд бағыты қазір тіпті тиімді болып тұр. Қазақстан азаматтары наурызға дейін Таиландқа ешқандай визасыз кіре алады.

– Бір апталық демалыс аса қымбат шықпайды дейді. Бірақ бірінші рет шетелге шыққалы отырғандарға әуелі жақын жатқан елдерге барып көруге кеңес бермін. Өркімнің талғамы әртүрлі, сұранысы да басқаша. Есесіне қаржы көп кетпейді, уақыт үнемдейді. Қысқы бағыт ретінде жақын елдерден Грузияға баруға болады. Көбі Грузияға тек жазда бару керек деп ойлайды. Бірақ бұл елде қыстың күні де қызық көп. Географиялық тұрғыда Еуропаға жақын орналасқаны үшін, Грузия халқы да Рождествоны тойлайды, қала да ерекше безендіріледі. Еуропаға баруды армандап, бірақ ақша жинай алмай жүргендер де сапарды осы Грузиядан бастаса болады. Бұл елдің табиғаты ерекше әдемі. Бұл – бюджеттік нұсқа. Бір жақсысы, қыста ол жақта турист те көп болмайды. Сондықтан тұр да, қонақүй бағасы да арзан шығады. Осылай Грузияға бір аптаға 200-300 мың теңгеге барып келе аласыз. Ұшақ, қонақүй, қидырыс пен басқасын қосқандағы сома – осы, – дейді туризм саласының маманы Сандуғаш Бисенбай.

ҮЗДІК БЕСТІКТІ БІЛЕСІЗ БЕ?

Пассив демалысты, жылы жаққа барып, жағажайда жатқанды ұнататындар үшін турагенттіктер өзінің үздік бес нұсқасын ұсынады. Тізім арзанынан қымбатына қарай жазылған.

Мұндай елдердің ішінде ең арзаны – БАӘ. Бұл жаққа тур бағасы арзан болғанымен, әмірліктегі өмір қымбаттау екенін ескеру керек. Тур пакет 200-300 мың теңге болады, бірақ түскі ас және басқасына қосымша ақша ала беруіңіз керек. Қосымша, шамамен, 250 мың теңге ала барған дұрыс. Бұл – бір адамға кететін шығын.

Тағы бір қымбат емес бағыт – Үндістан. “Бұл бағытқа қызығатындар саны енді артып келе жатыр” дейді мамандар.

– Үндістанға бару үшін виза жасату керек, бірақ оны рәсімдеу мүлдем қиын емес. Көбі Үндістан дегенде көз алдына тек лас жерлерді, дамымай қалған елді елестетеді. Бірақ елдің әр қаласы әртүрлі, әдемі жерлері де жетерлік. 400 мың теңге болса, ол жақта да бір апта бойы жақсылап демала аласыз. Үнді мұхитын көруге болады, ақ жағалау да табылады. Теңіз тағамдарын да тоя жеп қайтуға болады, – дейді эксперттер.

Аса қымбат емес бағыттардың ішінде Қазақстан азаматтары көбіне Таиландқа барғанды ұнатады. Сандуғаштың айтуынша, бұл ел барлық жастағы туристердің көңілінен шығады.

Ал үшінші бағыт – Таиланд. Бұл елде демалғанды үлкен-кіші де, жас-кәрі де – бәрі ұнатады. Биыл Қазақстан азаматтары үшін керемет мүмкіндік туып отыр. Өткен жылдың қыркүйегінен бастап, осы жылдың наурызына дейін қазақстандық туристер Таиланд аумағына визасыз кіре алады. Таиланд – аралдары бар мемлекет. Бармас бұрын, қай аралға барғыңыз келетінін тандап алған

дұрыс. Таиландқа барып келгендер елдегі климат өте жайлы екенін айтады. Экзотикалық жеміс-жидек те бұл елдің үлкен артықшылығы екені рас. Бұған қоса көпшілік жақсы көретін тай массажының бағасы да өте арзан. 300-400 мың теңгеге бір аптаға тур сатып алуға болады. Қосымша шығын шамамен 100 мың теңге болады.

Мамандар ұсынған төрінші бағыт – Мальдив аралдары. Алайда бұл саяхаттың бағасы алдыңғыларға қарағанда қымбаттау шығады.

Мальдив аралдары жасалатын турларға да сұраныс артып келеді. Онда 700 мың теңгеге 10 күн бойы жақсылап демалып келуге болады. Бұл жақын табиғаты бөлек. Мальдив аралдары теңіз асты өмірімен танымал, дайын сүйетіндер үшін керемет нұсқа. Мұнда акулармен бірге жүзуге болады. Түрлі қызық экскурсия да бар. Көбі Мальдивке бару үшін екі-үш миллион теңге керек деп жаңылады. Қазір арзандау әуе компаниялары бар. Бұған қоса қонақүйдің де ең қымбатына емес, сәл арзандауына көз салсаңыз, Мальдив те соншалық қымбат болмайды.

Оған қоса, Қытайдағы аралдардың танымалдығы арта түседі дейді мамандар. Бұған Қазақстан мен Қытай арасындағы 30 күндік визасыз режим оң әсер еткен. Бірақ қазір ол уақыт өз мәресіне жетіпті. Дегенмен, бұл – тарихты білетін, тарихи деректерді білуге құштар адамдар үшін өте қызық бағыт болған. Қалай дегенмен, Қытайда да көретін зат көп. Бір ғана Ұлы Қытай камалын көру үшін барғысы келетіндер де бар. Сондықтан жақында елдің тарихи аумағына экскурсиялар мен жағажай жанындағы пассив демалысты біріктіріп, жаңа турлар ашалуы мүмкін. Демек, мұндай турларға сұраныс та арта түспек.

А.ӘДІЛЖАНҰЛЫ

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінде республикалық «Ақмешіт жастары» газеті ұжымымен кездесу кеші өтті. «Жалынды жастар жаршысы» атты шараны «Шетел тілі» бөлімі болашақ мамандар бойына БАҚ-қа деген құрметті арттыру мақсатында ұйымдастырған.

«Ақмешіт жастары» газетінің бас редакторы, ақын Айдар Сайлауов газеттің мәні мен мазмұнына, тағылымы мен тарихына тоқталса, Айдана Жұмадинова мерзімді басылым саласындағы тәжірибесімен бөлісті.

ЖАЛЫНДЫ ЖАСТАР ЖАРШЫСЫ

Замира Қонысжан газеттің он жылдық белесі мен бейнесін студенттерге еркін түсіндірді. Ал газет тілшісі Аружан Оралбай жеке шығармашылығынан олең оқыды.

Өңіріміздегі белді оқу орнына айналған білім ордасының студенттері дөңгелек үстел басында еркін сұхбат құрып, өнерлерін ортаға салды. Олар кеш қонақтарына баспасөз саласы мен шығармашылыққа байланысты көкейінде жүрген сұрақтарын қойып,

ерекше қызығушылықтарын білдірді.

Түрлі сауалдарға тиісінше жауап берген қонақтар алдағы уақытта да студенттерге ақпараттық қолдау көрсетуге дайын екенін жеткізді. Келелі кешті қорытындылай келе, білім ордасының оқытушылары газет ұжымын «Республикалық басылым» статусын алуымен құттықтап, мазмұнды кітаптарды сыйға тартты.

А.МАРАТҚЫЗЫ



Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ
Марат АРАЛБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
Тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Айдар САЙЛАУОВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Кезекші редактор:
Нұршат НЫШАНОВА

Таралымы: 7109
Тапсырыс: 304